



юнисеф 



БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ ҚАЗАҚСТАН

Қалалардың балаларға мейірімділігін
бағалау және тану моделі



ЮНИСЕФ Қазақстан дайындаған
Профессор Карен Мэлоун дайындаған

Ұйымның Төрағасы Балаға мейірімді Азия-Тынық мұхиттық өңірлік желі

Балаға мейірімді қаланың ЮНИСЕФ Зерттеу

Консультациялық Кеңесінің мүшесі

Мектептегі білім беру саласын зерттеу бойынша орталық,

Батыс Сидней Университеті

Анықтамалар мен қысқартулар

БМҚ Балаға мейірімді қала

БМҚБ «Балаға мейірімді қала» бастамасы

ИЗО Инноченти Зерттеу орталығы

АӘДИ Адам әлеуетінің даму индексі

АДБ Адам дамуы туралы баяндама

ЮНИСЕФ Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры

БӘЖ Балалардың әлемдегі жағдайы

МДМ Мыңжылдықтың даму мақсаттары

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

«Балаға мейірімді қалалар» атты ЮНИСЕФ бастамасы

Қалалардың балаларға мейірімділігін бағалау және тану туралы Қазақстандағы ЮНИСЕФ моделі

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАНУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚАДАМДАР

Қазақстандық бағалау және тану моделіне шолу

Бағалау және тану моделіне қысқаша шолу

Басты элементтерді айқындау

1-кезең Бағалау және тану үдерісіне дайындық

1-қадам. БМҚ жөніндегі қалалық үйлестіру кеңесін құру

2-қадам. Басқаруға бағалау және талдау жүргізу

3-қадам. Балаға мейірімділікті бағалау нәтижелері және өзін-өзі бағалау деректері

4-қадам. Объектілер мен қызметтер аудиті

5-қадам. Мақсаттар, қағидаттар, іс-қимылдар, мерзімдер

6-қадам. Балалар мен жастардың қатысуы

7-қадам. Балалардың мүддесіне арналған бюджет

8-қадам. Ұсыныс және кері байланыс

2-кезең Бағалау және тану үдерісі

1-қадам. Өтінім беруге шақыру

2-қадам. Өтінім беру және портфолио дайындау

3-қадам. Мониторинг нәтижесінде балаға мейірімді қалалар индексі

4-қадам. Объектілер мен қызметтер сапасын арттыруды бағалау

5-қадам. Балалар мен жастардың қатысуын бағалау

6-қадам. Стратегия және іс-қимылдар жоспарының ықпалын бағалау

7-қадам. Қорытынды бағалау үшін портфолио ұсыну

8-қадам. Қоғамдық ұйым түсініктемелері бар есеп әзірлеу

9-қадам. Кеңестің портфолионы бағалауы

МОНИТОРИНГ

Балаға мейірімді қалалардың қазақстандық мониторинг индексі

Мониторинг мақсаты

Негізге алынатын мониторинг қағидаттары

ҚАТЫСУДЫ ҚОЛДАУ

Балалар мен жастардың қатысуы

Балалардың қатысуын қолдау артықшылықтары

Балалардың қатысу нысандары

Қатысу үдерісіндегі ересектердің рөлі

Үкіметтің балалардың қатысуын қолдау жөніндегі міндеттері

Іс-қимылдар жоспарын әзірлеуге балалардың қатысуын қамтамасыз етудің практикалық тәсілдері

Қатысуды өлшеу

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қосымшалар

1-қосымша: Қалалар мейірімділігінің қазақстандық индексі

2-қосымша: Жергілікті басқарудың балаларға мейірімділігін бағалау бойынша ЮНИСЕФ құралы

3-қосымша: Қаланың мүдделілігін білдіруді растайтын өтінімнің моделі

4-қосымша: Объектілер мен қызметтер аудитінің мысалы (Бримбанк қаласы)

Қалалардың балаға мейірімділігін бағалау және тану, ЮНИСЕФ

«Балаға мейірімді қала, Бала құқықтары туралы Конвенцияны толық көлемде жүзеге асыруға тырысқан адал жергілікті басқару жүйесі» болып табылады (ЮНИСЕФ 2004 жыл).

Балалардың құқықтарын ынталандыру және қорғау ЮНИСЕФ мандатының орталық элементі болып табылады. «Балаға мейірімді қала» бастамасы (БМҚБ) – қауым және биліктің жергілікті органдары деңгейінде балалардың құқықтарын жүзеге асыру мақсатын көздейтін жан-жақты қозғалыс болып табылады. Балаға мейірімді қала бұл – жергілікті деңгейдегі бала құқықтары Конвенциясын іске асыру: тәжірибе жүзінде бұл – балалардың құқықтары саясатта, заңдарда, бағдарламаларда және бюджетте көрсетілген дегенді білдіреді. Балаға мейірімді қалада балалар белсенді болып табылады; олардың дауыстары мен пікірлері назарға алынады және шешім қабылдау үдерістеріне ықпал етеді. Бала құқықтарын қорғауды қосалқы ұлттық деңгейде, әсіресе қала аудандарында қамтамасыз ету, балалар өмір сүріп отырған жергілікті орындардағы олардың жағдайларын жақсартуға және балалардың мүдделерін қозғайтын шешім қабылдау мәселелерінде және үдерістерінде, олардың дауыс құқықтарына кепілдік беруге арналған құрал болып табылады. Қазіргі кезде 2013 жылға дейін созылған ЮНИСЕФ-тің Орташа мерзімді стратегиялық жоспары (ОМСЖ), қызметпен қамтылудың деңгейі жеткіліксіз қала аудандарындағы балалардың қажеттіліктеріне жүйелі әрекет жасауды қамтамасыз ету үшін, жергілікті билік органдарымен және муниципалитетпен серіктестікті қатынасты нығайтуды көздейді.

Көптеген елдерде балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін хабардар болушылықты арттырудың стратегияларын және бағдарламаларын ұлттық деңгейде жасау ісінде айтарлықтай прогреске қол жеткізілгенімен, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы күн тәртібін жергілікті деңгейге ауыстыру үшін күш-жігерді белсенділендіру қажеттігі бұрынғыдай қалып отыр. БМҚБ бір мезгілде азаматтарды балалардың құқықтарын қорғауға тартуға және муниципалдық деңгейде басқару құрылымын

Көптеген елдерде балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін хабардар болушылықты арттырудың стратегияларын және бағдарламаларын ұлттық деңгейде жасау ісінде айтарлықтай прогреске қол жеткізілгенімен, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы күн тәртібін жергілікті деңгейге ауыстыру үшін күш-жігерді белсенділендіру қажеттігі бұрынғыдай қалып отыр. БМҚБ бір мезгілде азаматтарды балалардың құқықтарын қорғауға тартуға және муниципалдық деңгейде басқару құрылымын жақсартуды болжайды.

БМҚБ мүмкіндік береді: (1) қауым деңгейінде және жергілікті деңгейде оларды сыни бағалауды қамти отырып, хабардарлықты арттыру және балалардың құқықтарын жүзеге асыру және (2) оларға балалар, жастар және қауым мүшелері қатысатын және балалардың мүддесін қорғайтын саясатты, заңдарды/ережелерді және бюджеттерді жасауда, жүзеге асыруда және бағалауда тікелей дауысқа ие болатын, басқару жүйелерін дамыту.

Балаға мейірімді қала қалаланудың жылдам қарқынына жауап ретінде пайда болғандықтан, басында тұжырымдама әртүрлі көлемдегі муниципалитеттерге ғана қатысты болып, қалалар үшін жасалды. Алайда, тұжырымдама БМҚ тәсілін қолдайтын әртүрлі типтегі басқа да қауымдарды (ауылдық қалашықтар және өңірлерді қоса алғанда) да қамти алатыны белгілі болып отыр. ЮНИСЕФ жариялаған «Іс-қимылдарға арналған нобайлы негіздер» құжатына сәйкес балаға мейірімді қаланы құруға арналған негіздер Конвенцияның төрт негізгі қағидаттарына негізделеді:

1 Кемсітушілікке жол бермеу (2-бап)

2 Баланың ең жақсы мүдделері (3-бап)

3 Әр баланың өмір сүру құқығы және барынша даму құқығы (6-бап)

4 Балаларды тыңдау және олардың пікірлерін құрметтеу (12-бап)

Құжатта сондай-ақ, нобайлық негіздердің, қала мүдделеріне сәйкес бейімделу барысында барлық негізгі мүдделі тараптарды, әсіресе балалардың өзінің қатысуымен, ұжымдық тәсілді қолдану қажет деп аталған. 1996 жылғы өзінің құрылған күнінен бастап БМҚБ бүкіл әлем бойынша жүздеген елдерге және мыңдаған қалаларға және қауымдарға табысты енгізілді. Өнеркәсібі дамыған елдерде ЮНИСЕФ ұлттық комитеттерінің және бағдарламалық елдерде ЮНИСЕФ офистерінің көп саны, БМҚ тәсілін түрлі әдістермен қолдануды ынталандырады және жергілікті қауымдар орындайтын, жұмысты мойындау жолдарын іздейді. Қаладағы жағдайлардың және ондағы балалар өмірінің күрт айырмашылығының салдарынан, бұл жалпы жұмысты мойындау үшін әмбебап қолданылатын, балаға мейірімді қаланы сертификаттауға арналған Халықаралық стандарттарды, критерийлер жинағын немесе ресми механизмді құруды елестету қиын еді. Бірақ адал жергілікті басқаруды ынталандыру, дамудың күн тәртібі орталығына балалардың қатысуы және балаларды және олардың құқықтарын орналастыру маңыздылығы жөніндегі міндеттемелер болып табылатын, жалпы сипаттамалық сипаттары бар балалардың өмірлерін өзгертуге бағытталған, тәсілдің кейбір негізгі элементтері бар.

Дүниежүзі бойынша, ел деңгейіндегі көптеген комитеттер қаланың бекітілген талаптарға қол жеткізулеріне жауап ретінде, Бағалау және тану ұлттық жүйелерін құру арқылы бұдан әрі мойындау мүмкіндігін қарастырды.

Муниципалитеттердің бағалау және тану үдерісі аясындағы негізгі міндеті нақты, келісілген мақсаттарға қол жеткізу үшін жақсарту стратегиясын жасауға және балалардың жай-күйлеріне мониторинг жүргізуге және сәйкес ресурстарды жұмылдыруға әрекет жасау болып табылады. Ұлттық комитет анықтаған стандарттар, көрсеткіштер немесе мақсаттар жинағын пайдалана отырып, олардың жетістіктеріне мониторинг жүргізуді жүзеге асыру жолымен бағалау және олардың табыстарының дәлделдемесін ұсыну келесі қадам болуы мүмкін. Сосын көп жағдайларда сайланған сараптамалық кеңес немесе комитет қалаларға және муниципалитеттерге «балаға мейірімді» мәртебесін береді. Кейбір елдерде биліктің ұлттық органдары немесе үкіметтік емес ұйымдар, прогреске қол жеткізген қалаларды марапаттау үшін жүлделер, кейде қаржылық компоненті бар жүлделер белгілейді. Басқа жағдайларда бағалау және тану балаларға арналған елеулі прогреске қол жеткізудегі жергілікті биліктің маңызды жетістіктерін мойындау болып табылады. Қалай болғанда да бағалау және тану бағдарламасының мақсаты – баланың ең жақсы мүдделерін басшылыққа алатын стратегияларды жасаудағы және жүзеге асырудағы прогресті қолдау, сыйақылау және ынталандыру және бала құқықтары туралы Конвенция қағидаттарына негізделген критерийлер бойынша дәлелдемелер арқылы жақсартуларға мониторинг жүргізуді жүзеге асыру болып табылады. Осылайша, бір елдің аясында бағалау және тану үдерісін жасап шығару үшін, бұл елдің аясындағы қауымдардың және қалалардың спектрі үшін мәдени және экологиялық маңызды, ненің көрсететіндігін мұқият ойластырған жөн.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЮНИСЕФ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАНУ МОДЕЛІН ЖОБАЛАУ

Қазақстанда қабылданған бағалау және тану моделі, Қазақстан Республикасы үшін үйлесімді болуы мүмкін, жергілікті ерекшеліктерді ескеретін, бағалау және танудың бірегей бағдарламаларын жасау үшін бүкіл елдегі негізгі мүдделі тұлғаларымен және Қазақстандағы ЮНИСЕФ офисі мүшелерімен жүргізілген зерттеудің нәтижесі болып табылады. ЮНИСЕФ Қазақстан ҚР Білім және ғылым министрлігінің бала құқықтарын қорғау жөніндегі комитетімен бірлесіп, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту ісінде олардың прогрестерін дамыту, жүзеге асыру және мониторинг жүргізу үшін Қазақстандағы қауымдастар деңгейінде балаға және серіктестерге мейірімді қалаларға қолдау көрсету мақсатындағы бағалау және танудың ұлттық үдерісін іске қосты.

Бағалау және тану үдерісі ЮНИСЕФке балалардың мүдделері үшін адал басқаруға белсенді және тиімді ықпалдастық көрсетуге мүмкіндік беретін механизмді қамтамасыз етеді және балалар мәселесін балаға мейірімді қалалар бастамасының (БМҚБ) күн тәртібіне енгізеді. ЮНИСЕФ Қазақстан ең үйлесімді үлгіні қамтамасыз ету үшін, Қазақстандағы БМҚБ, алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерге сәйкес. Бағалау және тану үлгілерінің зерттемелеріне, жүзеге асыру стратегияларының зерттемелеріне, әлеуетті жасау жөніндегі семинарлар топтамасын өткізуге және қолдау көрсетуге арналған құралдар жинағының зерттемелеріне зерттеу жүргізу үшін халықаралық зерттеушіні тартты.

Төменде бағалау және танудың ұлттық бағдарламасын жасауға қолдау көрсету үшін ЮНИСЕФ Қазақстанда ұсынылған, жүргізілген ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың және құжаттамалардың қысқаша сипаттамасы көрсетілген:

1

ЮНИСЕФ Қазақстандағы балаға мейірімді қалалардың бастамаларын қолдау үшін қазіргі кезде жүзеге асырылып жатқан, жергілікті басқару саласындағы қолданыстағы адал тәжірибені құжаттау және талдау мақсатында әдебиеттер қарастыру және жергілікті орындарда зерттеулер жүргізу. Осы зерттеулердің негізінде, қазіргі кезде балалардың және жастардың қатысу және әділдік мәселесінің айрықша екіні бар, алты қала кездесіп отырған проблемаларды және сауалдарды және негізгі нәтижелерді анықтады;

2

Мүдделі тараптардың негізгі мүшелерімен, балаға мейірімді қалалардың бастамасына байланысты болған сұхбат, олардың пікірінше, бағалау және тану саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибеге арналған;

3

Әдебиеттерді және сұхбатты қарастыру нәтижесінде, талқылау үшін бағалау және тану моделінің соңғы жобасы туралы ақпараттан құралған анықтамалық құжат дайындалды.

4

Ұлттық зерттеулер және талқылауға арналған анықтамалық құжат және халықаралық тәжірибені, стандарттарды талдау, Бағалау және тану бағдарламаларын жүзеге асыру саласындағы ең ең жақсы тәжірибе негізінде, балаға мейірімді қалаларды Бағалау және тану дың Қазақстанға арналған моделі жасалды.

5

Жоба туралы сәйкес анықтамалық ақпарат, БМҚБ Бағалау және тану мәселелері саласындағы философияға және үдерістерге қатысты бірқатар ұсыныстар, Қазақстанға арналған бағалау және тану моделінің қысқаша сипаттамасы және жүзеге асыруда қолдауы мүмкін ресурстардың және құралдардың тізімі баяндалған есеп.



Бағалау және тану моделінің жобасы туралы ақпаратты ұсынған, негізгі мүдделі тараптармен бірге зерттеу жүргізу негізінде жасалған негізгі ұсыныстар келесілерді қамтиды:

1. Оның бала өмірінің жағдайын өзгертудің жолын ұстаушылығының көзқарасы және балаға деген мейірімділікті қамтамасыз ету бағдарламасын ұсынудағы қаланың сапасы тұрғысынан, балалар мен жастар қаланы жүзеге асырудың, мониторинг жүргізудің және бағалаудың бөлінбес бөлігі болып табылуы керек;
2. Теңдік және балаларды кемсітуге жол бермеу мәселелері негізі болып табылады және балаға деген мейірімділік қасиеті, бағалаудың негізгі элементтері болуға тиісті;
3. Балаға деген мейірімділікті бағалау үшін пайдаланылатын критерийлер мен көрсеткіштер ел үшін әмбебап болуға тиісті және балалар құқықтары туралы ЮНИСЕФ Конвенциясының негізгі баптарынан тікелей алынып бейімделген болу керек;
4. Балаға мейірімді қаланың өз бағдарламасын жүзеге асыруды бастайтын қалаларға қолдау көрсету үшін мойындау моделін бастамалаған жөн және бұл үлгі Бағалау және тану бағдарламасына енгізілген болуы керек;
5. Қала басқа қалалармен бәсекелеспейді, бірақ өзінің жеке жетістіктерімен ғана бәсекелеседі, сондықтан да толыққанды негізгі деректерді ұсыну және жалпы қалалық стратегияның және іс-қимылдар жоспарының болуы, қалалар үшін бастапқыда, қаланың жақсаруларының тұрақты мониторингін, бағалауын және куәландыруын қамтамасыз ету үшін шешуші маңызы бар;
6. Қалалар, балалардың өз қалаларында қажеттіктерін қанағаттандыру көзқарасы тұрғысынан, әртүрлі кезеңдерде болуларына сәйкес балаға мейірімділіктің әртүрлі деңгейлеріне (яғни, қола, күміс, алтын) сәйкес Бағалау және тануға ие болады, бұл ретте әртүрлі деңгейлердің, әртүрлі мерзімдері болуы керек;
7. Балаға мейірімді қала ретінде, қаланың аккредитация алуына арналған ең көп мерзім, қайта Бағалау және тануға өтінімді қайта тапсырусыз, 4 жылды құрауы тиіс.

ЮНИСЕФ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Бала құқықтарын қорғау жөніндегі комитетпен, қалалық әкімшілікпен және ЮНИСЕФ балаға мейірімді қалалардың бастамасына қатысатын, қалалар қауымдастығымен ынтымақтастықта бағалау және тану бағдарламасын жүзеге асыратын болады.

Бұл бағдарламаның толық сипаттамасы төменде баяндалады.

«Қалалар мейірімділігінің ұлттық индикаторлары» деген 1-қосымшаны қараңыз.

Бұл деңгейлер қала басшыларымен және ЮНИСЕФ арасындағы талқылаулардан кейін 1 және 2 деңгейлеріне ауыстырылды.



БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚАДАМДАР

Бағалау және танудың қазақстандық моделіне шолу

«Баланың аман-саулығы және өмірінің сапасы салауатты қоршаған ортаның, адал басқарудың және тұрақты дамудың соңғы көрсеткіші болып табылады» (ЮНИСЕФ, 1997 жыл).

Төменде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы Бала құқықтарын қорғау жөніндегі комитет және Қазақстандағы ЮНИСЕФ қолдайтын, бағалау және танудың Қазақстандық моделіне және қалаларға БМҚ мәртебесін алу үшін жасауға қажетті екі қадамға шолу жасалған.

Бірінші қадам – қала жасайтын, бағалау және тану үдерісіне дайындық болып табылады. Қала бірінші кезеңде, балалар стратегиясы мен іс-қимылдар жоспарын қамти отырып, қаладағы өмір сүретін балалардың жағдайын көрсететін құжаттаманы және балаға мейірімді қаланың, барлығын тегіс қамтитын, адал және нақты баяндама дайындау керек.

Екінші қадам Бағалау және тануға арналған портфолио дайындау керек. Портфолио ұлттық көрсеткіштерді,³ стандарттарды және мақсаттарды пайдалана отырып, уақыт өте келе қандай прогрестердің болғанын және оларды қаланың өзі қалай мониторинг жасап, бағалауды жүзеге асырғанын көрсететін, дәлелдерді ұсынуы керек. Бағалау уақыты, ең құрмалда, бір жылды құрауы керек, бірақ, олар өздерінің бағалау және тану үдерісін, бағалау және тану циклінің қай жерінде бастағанына байланысты, екі жылды да құрауы мүмкін.

³ 1-қосымшаны қараңыз

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАНУ МОДЕЛІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

1-кезең: Бағалау және тану үдерісіне дайындық

Бағалау және тануға дайындық қалаларға, балаға мейірімді қалалар бағдарламасына қатысу және Бағалау және тану процесіндегі қала ретінде танылуына мүмкіндігін береді. Барлық қалалар Бағалау және тану үшін олардың портфолиоларын дайындау кезінде көп мағынаға ие, ақпараттың бірінші деңгейін салыстыруға арналған құрал ретінде дайындық үдерісі арқылы өту керек.

Бұл үдеріс қала басшысының, дайындық портфолио-сын әзірлейтін, «Балаға мейірімді қала» бастамасы бойынша қалалық үйлестіру кеңесін құрудан басталады. Құрылған үйлестіру кеңесі қаладағы жағдайды⁴ анықтау құралы ретінде Бағалау құралының көмегімен басқаруды бағалауы тиіс. Портфолиода екі маңызды компонент болуы керек. Бірінші компонент қаланың балаларға мейірімділігі туралы есеп болып табылады.

Қаланың балаларға мейірімділігі туралы есепте балаларға мейірімділіктің қазақстандық ұлттық индексі және қаладағы балалардың өмір сүру жағдайын сипаттайтын сапалы өзін-өзі бағалау деректері негізінде балаға деген мейірімді қарым-қатынасты сандық бағалау нәтижелеріне сүйенген жалпы деректерді қамтуы тиіс. Бұдан басқа, қаланың ЮНИСЕФ сауалнама парағы түрінде жүргізген басқаруды бағалау және балалар мен олардың отбасылары үшін қолжетімді қалалық объектілер мен қызметтер сапасының аудиті қорытындылары бойынша алынған деректер.

Сапалық бағалануға жататын, осы деректерді жинаудың төрт негізгі әдісі арқылы алынған деректер, муниципалитетте және қауымдар аясында негізгі мүдделі тараптар қабылдаған, жалпы қалалық шешіммен бірге пайдаланушыларға ыңғайлы есепте жинақтау керек. Яғни, ол сын-пікірлер енгізу және қауым мүшелері, сондай-ақ балалар мен олардың отбасылары арасында тарату үшін қол жетімді болу керек. Өңірдегі балалардың жағдайын сандық және сапалық бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, қала балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін шешу қажет қаланың басты мәселелерін айқындайтын балалар стратегиясын әзірлейді. Стратегия балаға мейірімді қаланың ұлттық көрсеткіштерін пайдалана отырып жасалуы керек және оның балалар құқықтары туралы Конвенцияны қалай қарастыратындығын айрықша атап өту керек.

Дайындық портфолиосын жасағаннан кейін, ол сын-пікір алу үшін, қоғам мүшелеріне және БМҚ жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесіне жіберілуі керек. Осы сәттен бастап қала балаға мейірімді қалаларға Бағалау және тану жүргізу үдерісін бастайды және оның стратегиясында және іс-қимылдар жоспарында анықталған әрекеттерді жүзеге асыра бастайды, бұл ретте, БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесі жіберетін мүдделілікті көрсету үшін шақыруға дайындық аясында уақыттың өтуімен болатын жақсартуларға ұдайы мониторингті жүзеге асырады.

⁴

2-қосымшаны қараңыз

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢУ МОДЕЛІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

2-кезең: Бағалау және тану үдерісі

Бағалау және тану үдерісі, ұлттық комитеттің перспективалық қалаларға мүдделерін көрсету үшін шақырту жіберуден басталады, ал сосын олар болса, Бағалау және тану үшін портфолио дайындайды және ұсынады. Портфолио негізгі деректердегі жақсартулар жетістіктері бағытындағы қаланың қол жеткізген прогресі, басқару бойынша деректерге, объектілердің және қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу жолымен алынған деректерге (активтерге аудит жүргізу барысында анықталған), қаланың балалардың және жастардың қатысуын қалай қамтамасыз еткендігін, қала жасаған, балалар стратегиясы мен іс-қимылдар жоспарында бекітілген мақсаттарға қол жеткізгендігін

бағалау туралы есептің дәлелдеріне негізделген болуы керек. Қала әкімі портфолионы «Балаға мейірімді қала» бастамасы бойынша қалалар үйлестіру кеңесімен бірлесіп әзірлейді.

Балаға мейірімді қалаларды бағалау және тануға арналған портфолионы дайындауды аяқтағаннан кейін, БМҚ жөніндегі қалалық үйлестіру кеңесі оны жеке бағалау және түсініктемелер алу үшін БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесіне және балаларды, жастарды және қауымның өкілдерін қамтитын, қауым деңгейіндегі топқа жібереді. Бұл топ өзінің ұсыныстары мен пікірлерін тікелей Ұлттық кеңеске жібереді, ол кейін портфолио

және қауым есебінің негізінде шешім қабылдайды. Ұлттық кеңес әзірлеген және пайдаланатын бағалау критерийлері, бала құқықтары туралы Конвенция қағидаттары негізінде алынған ұлттық мақсаттарды және халықаралық көрсеткіштерді қамтитын болады. Олар өздерінің қараулары бойынша, бағдарламаның жүзеге асырылып жатқандығына көз жеткізу үшін, қалаға бару туралы шешім қабылдай алады. Кеңес қаланың қай деңгейге жататындығы туралы шешім қабылдайды: ол балаға мейірімділіктің 1-ші немесе 2-ші деңгейлері, және осы деңгейге баланысты қалаға 2 немесе 4 жылға баларға мейірімді қала мәртебесін береді.



БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛУ МОДЕЛІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІН АНЫҚТАУ

Сараптау кеңесі

Сараптау кеңесі дегеніміз – бұл қалалардың портфолиосын бағалайтын және соның нәтижесінде ұсыныс жасайтын балаларға мейірімді қалалардың Ұлттық үйлестіру кеңесі. Бұл кеңес министрліктердің, балалар мен жастар ұйымдарының, үкіметтік емес ұымдар, бұқара ақпарат құралдары өкілдерін, ата-аналарды, ЮНИСЕФ және басқа да ұйымдар мен қоғамдастық өкілдерін қамтиды.

Бағалау критерийі

Бағалау критерийі дегеніміз – оның көмегімен қалалар өздерінің өтінімдерін растайтын дәлелдерді анықтайтын құралдар. Тап осы критерийлерді сараптау кеңесі бағалау және тану тағайындауға қатысты шешім қабылдау үшін негіз ретінде пайдаланатын болады. Критерийлер БМҚ ұлттық көрсеткіштеріне және мақсаттарына негізделеді. ЮНИСЕФ Қазақстан командасының ұлттық және басқа да мүдделі тараптармен бірлесіп әзірлеген балаға мейірімді қаланың Ұлттық индексі басты ұлттық және халықаралық көрсеткіштерге негізделген.

Бағалау циклі

Цикл оның ішінде ресми мойындау немесе бағалау және тану жүргізілетін, одан кейін өтінімді қайта беру талап етілетін кезең болып табылады. Қалалар бірінші кезеңге – Бағалау және тануға дайындық – қатысуға өтінім бере алады, бұл – мүдделі қаланы дербес таңдау немесе қаланы бағалау және тану үдерісіне қатысуға ынталандыратын, ұлттық органның немесе ЮНИСЕФ шақырту жолымен берілуі мүмкін. Қала бағалау мен мойындау алу үдерісінде деп танылғаннан кейін, ресми бағалау және тануға өтінім бере алады. Олар бағалау және тануға өтінім бермеу туралы шешім қабылдай алады, бірақ өз бағдарламаларын құруды жалғастыру туралы да шешім қабылдай алады. Алайда, егер бағдарлама екі жылдан асатын кезеңге есептелген болса, олар мойындауға тағы да өтінім беруі керек. Бағалау және тану циклі екі жылғы мерзімділікпен жүргізілетін болады. Қалаларға БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесі бастамашы болған бағалау және тану циклі туралы хабарланады және мүдделілікті көрсету үшін шақырту ұсынылады. Сосын мүдделілік көрсетуді жіберген қалалар анықталатын болады және олар бағалау және тану үшін өтінімдер беруге арналған мерзімдер және растайтын құжаттар туралы ақпараттандырылады. Егер қала бағалау және танудың бірінші деңгейіне ие болса, ол келесі бір жылдық циклде бұл деңгейді сақтау үшін қайта бағалау және тануға өтінім беруі керек. Олар сондай-ақ екіжылдық цикл ішінде осы деңгейді сақтап қалу үшін және мойындаудың 2-деңгейіне дейін көтеруге өтінім беруі тиіс. Егер қала 2 деңгейдегі бағалау және тану деңгейін алған болса, онда ол бұл деңгейін төрт жыл бойы сақтайды. 2-деңгейдің төрт жылдық мерзімі аяқталған соң, қала қайта бағалау және тануға өтінім береді және бағаланады және оның нәтижелері бойынша не а) әрі қарай бағалау және тану қабылданбайды, б) 1-деңгейдегі бағалау және тануға ие болады немесе в) келесі төрт жылдық кезеңде 2-деңгейдегі өз бағалауы мен мойындауын сақтап қалады.

Даму туралы деректердің ресурстары

Балаға мейірімді қалаларды зерттеу бойынша ЮНИСЕФ жобасына бейімделген және қала әкімі мен оның командасы пайдаланатын басқаруды бағалау құралы, бағалау және тану үдерісінің маңызды компоненті болып табылады, өйткені ол қалалық балалар стратегиясын жасауға арналған жіберу нүктесі ретінде және уақыт өте келе прогресті қадағалауға арналған дереккөз ретінде қызмет етеді. Жинақталған деректерді (яғни, негізгі статистикалық шараларды қолдану жолымен, деректер қала деңгейінің өзінде қол жетімді) толықтыратын, бытыраңқы негізгі бастапқы деректерді жасау үшін ЮНИСЕФ (және басқа да дереккөздердің) бағалаудың көптеген құралдары қол жетімді. Бағалау және тануды жүзеге асыру үдерісіне қатысты дайындық аясында, қалалардың билігіне бұл құралдарды және ресурстарды (мәселен, стратегияның, іс-қимылдардың мысалдары, балаға қарай бағдарланған бюджеттің, мониторингтің және сапалы бағалаудың құралдарының үлгілері сияқты) және олардың бұл ресурстарды және құралдарды қалайша жақсы пайдалануына қатысты ұсыныстар ұсыну үшін, қала қызметкерлерін және қауым мүшелерін тренингтермен қамтамасыз ету қажет.

Прогресс мониторингі

Прогрестің мониторингі бағалау және тану үдерісінің ең маңызды элементі болып табылады. Қаладағы балалардың және олардың отбасыларының өмірлерінің айтарлықтай жақсартылуын көрсететін, стратегияны пайдалану және іс-шараны жүзеге асырудағы қаланың табысы, қалалық деңгейдегі, сондай-ақ балаға мейірімді қалалардың ұлттық деңгейінде де, БМҚ табысын бағалау құралы ретінде пайдаланылатын болады. Ұлттық және өңірлік деңгейлерде бекітілген мақсатты көрсеткіштерді және стандарттарды нақтылау үшін мониторинг ұйымдастырылуы керек және жақсартылудың дәлелі мақсаттарға қол жетудегі прогреске негізделуі керек. БМҚ жөніндегі қазақстандық Үйлестіру кеңесі халықаралық деңгейде танылған көрсеткіштерді ұлттық көрсеткіштермен ұштастыратын арнайы ұлттық көрсеткіштер кешенін әзірледі. Бұл көрсеткіштер кешені және сәйкесінше нақты мақсаттар қалалық билік органдарының мониторинг жүргізу үдерісінде және қаланың сараптау кеңесі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу нысанына бағалау жүргізу кезінде пайдаланылады.

Бағалау және тану деңгейлері

Бағалау және танудың екі ықтимал деңгейі бар:

1

Бірінші деңгейдегі балаларға мейірімді қала мәртебесі екі жылға беріледі. Қала балалардың өмір сүруі үшін қолайлы болудың негізгі талаптарын орындады, бірақ жақсартуды талап ететін, маңызды салалары бар дегенді білдіреді.

2

Екінші деңгейдегі балаларға мейірімді қала мәртебесі төрт жылға беріледі және қала шамшырақ – балаға мейірімді қаланың озық тәжірибесі мен ең үздік практикасының моделіне ие қала ретінде танылады.

1-КЕЗЕҢ

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢУ ҮДЕРІСІНЕ ДАЙЫНДЫҚ

Бағалау және
тану үдерісіне
дайындық

1-ҚАДАМ

БМҚ бастамасы бойынша қаланың
Үйлестіру кеңесін құру

1

2

2-ҚАДАМ

Басқаруды бағалау бойынша
Сауалнама парағын толтыру

3-ҚАДАМ

БМҚ және өзін-өзі бағалау
көрсеткіштерінің деректері

3

А бөлімі:
Қаланың
балаларға
мейірімділігі
туралы есебі

4

4-ҚАДАМ

Объектілер мен қызметтерді бағалау

В бөлімі. Балалар стратегиясы мен іс-қимылдар жоспарын әзірлеу

5-ҚАДАМ

Мақсаттар, қағидаттар,
іс-қимылдар, мерзімдер

6-ҚАДАМ

Балалар мен жастар-дың
қатысуы

7-ҚАДАМ

Бюджетті бөлу

8-ҚАДАМ

Кері байланыс және келесі кезеңге көшу

1-ҚАДАМ

Балаға мейірімді қалалар бастамасы бойынша үйлестіру кеңесін құру

Әкім немесе оның орынбасары басқаратын балаға мейірімді қалалар бастамасы бойынша қалалық Үйлестіру кеңесі балаға мейірімді қалалардың бағдарламаларын іске асыруда маңызды рөл атқаратын қаланың басты мүдделі тараптары өкілдерін қамтуы тиіс. Үйлестіру кеңесінің мүшелерін шақырып, бекіткеннен кейін топқа арналған техникалық тапсырма әзірленеді, функциялар мен міндеттер, сондай-ақ қызметтің нысаналы көрсеткіштері мен орындау мерзімдері айқындалады. Кеңес өз қызметін қолдау үшін барлық қолда бар ресурстарға қол жеткізуі үшін ЮНИСЕФ-пен өзара әрекеттесуі маңызды. Кеңес сондай-ақ қаланың барлық тұрғындары қаланың балаға мейірімді қалалар бастамасына қатысу ниеті туралы хабардар болуы үшін ақпараттық қамтамасыз ету бағдарламасын іске асыруға жауапты болады.



2-ҚАДАМ

Басқаруға бағалау және талдау жүргізу

Балаға мейірімді қалалардың⁵ жергілікті басқаруды бағалау жөніндегі ЮНИСЕФ құралы, жергілікті биліктің (ЖБ) кез келген органына, балаға қалай барынша мейірімді болуды анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенциясы (БҚК) және балаға мейірімді қалалардың іс-қимылдарына арналған нобайлы негіз негізінде, басқаруды бағалау құралы Жергілікті билік органдарына олардың балалардың құқықтарына қалай әсер ететіндігі туралы мәселені қарастыруды талап етеді. Құрал екі бағытқа шоғырландырылған: билік органдарының балаларға қатысты міндеттемелері және балаларды қалалық секторлардың және қызметтердің аясында мойындайтын ереже. Олар қарастыруға тиісті негізгі салалар келесілерді қамтиды: қаланың балаларының тәжірибелері туралы деректерді жинау жүзеге асырыла ма және сәйкес әрекет ету, балалардың және ата-аналардың өздерін қалай сезінетіндіктері туралы пікірлерін тыңдайтын сәйкес құрылымдар бар ма, қалада қол жетімді объектілердің және қызметтердің сапасы туралы және оларды қалай жақсарту керек туралы, баланың жағдайын жақсарту жөніндегі нақты саясат, стратегиялар және жоспарлар бар ма, балаларға қатысты жұмыстар қалай жүргізіліп жатыр және балалардың өмірлерін жақсарту үшін қабылданған жоспарлар және іс-қимылдар туралы, қауымның балаларына және билік органдарының ресми қызметкерлеріне хабарланды ма және жоспарлардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурс бөлінді ме. Басқаруды бағалау бойынша сауалнама парағын толтыру үшін деректерді Жергілікті билік органының әртүрлі департаменттерінің басшылары жинақтауы тиіс. Нәтижелері талқылау үшін жіберілетін нүкте ретінде қалалық үйлестіру кеңесіне жолданады.

⁵

2-қосымшаны қараңыз

А БӨЛІМІ. ҚАЛАНЫҢ БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

3-ҚАДАМ

Балаларға мейірімділікті бағалау нәтижелері және өзін-өзі бағалау деректері

Жинақталған деректер әртүрлі дереккөздерден алынған деректердің түйіндемесінен құралады. Деректерді жинау мынадай алты санатқа бөлу арқылы қалалардың балаға мейірімділігінің ұлттық индексі⁶ негізінде жүзеге асырылады: Балалардың өмір сүруінің табысты бастамасы; Балаларды залал келтіруден қорғау, Балалардың білімі мен дағдылары; Балалардың лайықты өмір сүру деңгейі; Балалардың мәдени-демалыс қызметі және балалардың азаматтық өмірге араласуы. Бұл деректер барлық ел бойынша статистикалық деректерден, елдердің баяндамаларынан және өңірлерде жиналған немесе қала деңгейіндегі басқа деректерден түсуі мүмкін. Деректерді жинау жүйелі түрде болуға тиісті және 18 жасқа дейінгі жас мөлшеріндегі балалар туралы статистиканың және ақпараттардың толық спектрі ұсынылуы керек, сондай-ақ деректер нәтижесіне әсер етуі мүмкін қаланың толық сипаттамасын (мәселен, географиялық, тарихи немесе мәдени ерекшеліктерін) қамтамасыз ететін негізгі ақпарат болуы керек. Жинақталған деректер балалар жағдайының жалпы суретін қамтамасыз етеді. Егер қандай да бір көрсеткіш бойынша деректер болмаса, онда олардың болмауы туралы хабарлау да маңызды. Жоқ деректерді (әсіресе негізгі көрсеткіштер бойынша) жинауға арналған мүмкіндікті кейінгі мониторинг жүргізуге арналған стратегияда атап өту керек. Мүмкіндігінше, елді мекендердегі белгілі бір халық тобының арасындағы немесе топтардағы ұлттық азшылық, әлсіз балалар немесе мүмкіндігі шектеулі балалар, ұлдар мен қыздар арасындағы және басқа топтардағы теңсіздік сияқты теңсіздікті көрсету үшін бытыраңқы деректерді біріктіру қажет.

Барлық ішкі теңсіздіктерді ұсынуға қаланың шектеулі мүмкіндіктері (әсіресе, кезең басында) танылады, алайда, уақыт өте келе балалар тобындағы теңсіздікті жою жеке индикаторлар бойынша мақсатқа айналуы маңызды. Балалардың және қауымдардың қатысуымен, қауым деңгейіндегі тексеру негізінде алынған, өзін-өзі бағалаудың деректері және сапа деректері. Балалардың және қауымның басқа да мүшелерінің қатысуымен аудандардың және қалалардың егжей-тегжейлі байланысты зерттеулер жүргізуі арқылы алынған деректердің, жинақталған деректерге қосылған белгілі бір үлесті қамтамасыз етуге арналған шешуші маңызға ие. Балалар қауымның, әрқелкі, төменгі тобы болып табылатындығын және ересектердің және сол ауданның немесе сол қаланың, басқа да адамдардың тәжірибелерінен айырықша тәжірибелері бар екендігін мойындау керек. Балалардың әртүрлі тәжірибелері туралы мол және маңызды сипаттамалық деректерді жинау үшін мүмкіндік ұсынудың, ең әлсіз немесе дараланған балалар басынан кешіруі мүмкін, нақты проблемаларды шешу үшін шешуі маңызы болуы мүмкін. Бұл деректерді жинаудағы маңызды элемент – мүмкіндігі шектеулі балалар, босқын балалар немесе басқа да шетқақпай топтардың балалары сияқты, «балалардың» төменгі тобы аясындағы топтарды анықтау және оларға өздерін толғандыратын проблемаларын мәлімдеу мүмкіндігін ұсыну болып табылады. ЮНИСЕФ вебсайтында (www.unicef.kz) қолжетімді бірқатар өзін-өзі бағалау құралдарына ие, бірақ сондай-ақ балалар мен олардың отбасыларының қатысуымен қала шенеуніктері өткізетін бірлескен зерттеу дизайнына енгізілуі мүмкін бірқатар әл-ауқатты зерттеулер мен деректер жинаудың басқа да құралдары бар (БМҚ халықаралық вебсайты www.childfriendlycities.org және CERG вебсайты www.childfriendlyplaces.com қараңыз).

4-ҚАДАМ

Объектілер мен қызметтер аудиті

Активтер аудиті арқылы ахуалдық талдау жүргізу қаладағы балалар үшін қандай қызметтер мен объектілер қолжетімді екенін, сондай-ақ осы объектілер мен қызметтердің сапасын нақтылауға мүмкіндік береді. Ахуалдық талдау оның көмегімен қауымның жалпы сипаттамасы және проблемалары анықталатын үдеріс болып табылады. Есептің алдыңғы компонентіне ұқсас, активтер аудиті жастардың жиынтықтықтық әртүрлілігін – олардың жас мөлшерін, жынысын, этникалық тәнділігін және орналасы орынын ескеруі қажет және балалар үшін қалалық негізгі объектілердің және қызметтердің қол жетімділігін және сапасын талқылаған кезде кемсітуге жол бермеудің маңызын көрсету керек. Активтер аудитінің негізгі компоненті – қауымдағы балалар және олардың ата-аналары үшін қол жетімді негізгі қызметтерді және объектілерді түгендеу болып табылады. Анықталған және енгізілген бар ресурстармен қатар, не болмау себебінен немесе олар бар, бірақ қауымдағы бала немесе балалар үшін жеңіл қол жетімді емес, қол жетімді болып табылмайтын ресурстарды да анықтау маңызды. Түгендеу барысында, қызметтерге қол жетімділікке кедергі болатын, барлық балалар немесе нақты балалар үшін кедергі ретінде болатын, нақты басқарушылық немесе материалдық-техникалық проблемаларды атап өткен маңызды. Осы ақпаратқа қол жетімділік алу үшін, сізге, балалармен және олардың отбасыларымен немесе қауымның басқа да мүшелерімен әңгімелесу керек. Сосын осы кедергілер, стратегиялар мен іс-қимылдар жоспарын жасау кезінде жақсартуға арналған маңызды салаларға айналады. Әлемнің кейбір қалаларында, активтерге аудит жүргізу үдерісінде балалар серіктестер рөлін атқарды және өздері жасаған, балаға мейірімділік көрсеткіштерін пайдалана отырып, қызметтерді бағалауға көмектесті.

В БӨЛІМІ. БАЛАЛАР СТРА- ТЕГИЯСЫ МЕН ІС-ҚИМЫЛДАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

5-ҚАДАМ

Мақсаттар, қағидаттар, іс-қимылдар, мерзімдер

Стратегия бала құқықтары туралы Конвенция негізінде, қаладағы балалардың жағдайларын зерттеу бойынша баяндамадан алынған, негізгі мақсаттар және қағидаттар жинағын қамтамасыз етуі керек. Өзіңіздің қағидаттарыңызды және мақсаттарыңызды жасаған кезде балаға мейірімді қаладағы балалардың негізгі құқықтарын білу өте маңызды (1 ендірімені қараңыз).



БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Балаға мейірімді қаладағы балалардың мынадай құқықтары бар:

- Өздерінің қаласы туралы шешімге ықпал жасауға
- Өздері армандайтын қала туралы өз пікірлерін білдіруге
- Отбасының, қауымның өміріне және әлеуметтік өмірге қатысу
- Негізгі қызметтерге, медициналық қызметке, білімге және баспанаға қол жеткізуге
- Қауіпсіз ауыз суға және лайықты санитарияға қол жетімділігі
- Қанаудан, зорлық-зомбылықтан және мейірімсіз қатынастан қорғалуға
- Көшеде жалғыз жүру, достарымен кездесу және ойнау қауіпсіздігі
- Саябақтарға, табиғатқа және өсімдіктерге және жануарларға арналған орындарға қол жетімділігі
- Ластанбаған және тұрақты қоршаған ортада өмір сүруге
- Мәдени және қоғамдық іс-шараларға қатысу
- Этникалық шығу тегіне, наным-сеніміне, табысына, жанысына немесе мүгедектігіне қарамастан, әрбір қызметке қолы жетімді, тең құқықты азамат болуға.

1 ендіріме: Балаға мейірімді қаладағы балалардың құқықтары (ЮНИСЕФ, 2004)

Стратегия балалардың мүдделерінің стандартты салалары болып табылатын салаларды қамтитын болса, балалардың ең маңызды проблемалары болатын және балалар ең көп қауіпке ұшырайтын немесе қолайсыз жағдайда болатын салаларды, мақсаттарды және іс-қимылдарды жасау үшін басымдық салалары ретінде қарастырған жөн. Негізгі мақсаттарды және қағидаттарды анықтағаннан және іс-қимылдар үшін басымдылықтарды бекіткеннен кейін, оларды жүзеге асырудың нақты мерзімдерін анықтап, нақты мақсаттар жасау керек және оларды жүзеге асыратындармен келісу керек және оларды жүзеге асыру үшін ресурстар бөлу қажет.

ІС-ШАРАЛАР ТАРМАҚТАРЫ

7.1 Қолжетімді қызметтер

	Іс-шаралар	Нысаналы жас	Іске асыру
7.1.а	Аз қамтылған балаларға, жастарға және отбасыларға демалыс бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік беру үшін көңіл көтеруге арналған Рұқсаттың болуын және жылжытуын қамтамасыз етуді жалғастыру	ЕМҮ	CRS
7.1.б	Жастардың көңіл көтеруге арналған Рұқсатты алу үшін дербес өтінім беруге мүмкіндік беретін үдерісті әзірлеу	Ү	CRS

7.2 Халықтың әртүрлі топтарына арналған инклюзивтік қызметтер

	Іс-шаралар	Нысаналы жас	Іске асыру
7.2.а	Әртүрлі балаларды, жастарды және отбасыларын қалалық объектілерге және қызметтерге қабылдауды және енгізуді қамтамасыз ететін іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеу	ЕМҮ	*
7.2.б	Халықтың әртүрлі топтарының ішіндегі немесе халықтың айрықша топтарының ішіндегі жастарға бағдарланған іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеу	ЕМҮ	*

* Балалар мен жастарға қызметтер ұсынатын кітапхананы қоса алғанда, департаменттер

1-сурет: Балаға және жастарға мейірімді Суррей қаласының іс-қимылдар жоспарының мысалы

Балаға және жастарға мейірімді Суррей қаласының іс-қимылдарының жоғарыда келтірілген мысалынан, біз мақсаттардың және негізгі әрекеттерінің арасындағы байланысты байқай аламыз. Мақсаты: Суррей қаласының бағдарламалары мен қызметтерін инклюзивтік және Суррей қаласында тұратын әртүрлі балалар мен жастар үшін қолжетімді ету. Іс-қимылдың екі тармағымен – Халықтың әртүрлі тобы үшін қолжетімді қызметтер және Инклюзивтік қызметтер. Іске асыру бағанын, іс-шараның жүзеге асырылуына, мониторинг жүргізілуіне және табысын бағалауға жауап беретін, муниципалитет аясындағы билік органдарының департаменті ұсынатын болады (яғни, CRS – Қауымның және демалыс қызметі) және нысаналы жас: Е – кішкентай балалар, М - жасөспірімдер, Ү – жастар.

Аталған қызметкерлер стратегияны жүзеге асыру кезінде, келесілерді қамтитын, бірнеше рөлдерде ойнауы мүмкін:

- Қалалық департаменттер арасындағы талқылауларды үйлестіру
- Саясатта баяндалған бағдарламаларды іске асыру
- Іске асыру барысын талдау және құжаттау
- Балалардың және жастардың мүдделерін қорғаушы ретінде қатысу
- Жастардың саясатты іске асыруға қатысуы бойынша мүмкіндіктерін кеңейту

6-ҚАДАМ

Балалар мен жастардың қатысуы

«Балалардың қатысуы, басқа адамдармен бірге, балалардың және жастардың, өздерінің жеке және ұжымдық өмірлерінің жағдайларына қатысты мәселені шешуге тартылатын үдеріс болып табылады (Луиза Чавла).

«Ол сондай-ақ, жеке адамның өмірін және ол өмір сүретін қауымның өмірін қозғайтын, шешімдер алмасу үдерісі ретінде анықталады. Бұл, оның көмегімен демократия жасалатын құрал және бұл оның көмегімен демократия өлшенетін стандарт» **(Роджер Харт).**

Бала құқықтары туралы Конвенцияның 12 бабында, балаларға қатысты мәселелерді шешкен кезде балалардың белсенді қатысуы, олардың өз көзқарастарын білдіру құқығы қамтамасыз етілуі керек және олар туралы шешім қабылдаған кезде, бұл көзқарастарға лайықты көңіл бөліну керек деп нақты айтылған. Балалардың құқықтары қаланың заңдарында және саясатында айқын болуы керек және лауазымды тұлғалардың әрекеттерінен қолдау көруі керек.

Бірақ балалар және жастар, негізгі қызметтің бөлігі болып табылатын ортаны қамтамасыз ету, ойлағандай, әрдайым оңай бола бермейді. Балаларды тарту, қаланың ақпаратты беру тәсіліндегі және оның қауыммен жүргізген кеңестерінің түрлері мен ұйымдастырылуындағы маңызды өзгерістерді білдіретін болады. Нақты мәселелерді шешуге балаларды тарту бойынша нақты іс-шаралар жасалуы мүмкін болғанмен, баптың мәні мен қағидаттары, қатысу, жеке-дара іс-шараны өткізу ретінде қарастырылмауы керек, балалардың қатысуы және бағалауы, қаланың және қауымның жұмысында және мәдениетінде айқын болуға тиісті дегенді белгілейді. Балалар стратегиясы және іс-қимылдар жоспары, олар баланың қатысуын қайда және қашан қамтамасыз ететіндіктерін анықтауы керек, бұл мәселе балаға мейірімді қаланы жақсарту бойынша жоспарларда орталық орынға ие болуға тиісті. Балалар мен жастардың қатысуы туралы толығырақ ақпарат осы құжаттың 3-бөлімінде берілген.



7-ҚАДАМ

Балалардың мүддесіне арналған бюджет

Стратегияның аясында, іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажет нақты ресурстарды және қаржылық қолдауды анықтау және белгілеу керек. Қаланың өз балаларын, жалпы қалалық бюджеттен олар үшін қанша сәйкес қаражат бөлетінін хабарландыруы өте маңызды. Бұл қаражат қаланың көптеген департаменттері немесе секторлары арасына бөлінуі мүмкін, бірақ балалар және қауым, қалалық бюджеттің қандай бөлігі балаларға арналғандығын көруі үшін тұтас ұсынылуы керек. Бюджеттік үдеріс ашық болуы керек және балаға мейірімді қаланың есептілігінің барлық элементтерін қамтуы керек, ол балалар және олардың отбасылары түсінуге ыңғайлы, қол жетімді тілмен, нақты тұжырымдалуы қажет. Жергілікті үкімет өзінің жеке бюджеттік қаражаттандырылуынан тыс жағдайда да өз қала балаларын қорғауы қажет, егерде жалпы ұлттық бюджет аясында балалар, соның ішінде, жетім балалар немесе қатер тобына кіретін балалар (мәселен, мүмкіндігі шектеулі балалар) өздеріне тиесілі ресурстарының үлесін ала алмайтын болса, онда жергілікті билік органдары бұл айырмашылықты жою үшін ат салысуы керек.

Бюджеттің ашықтығы туралы мәселені қарастырған кезде ескеруге қажет негізгі мәселелер келесілерді қамтиды:

- Қаланың жалпы бюджеті болды ма және балалардың үлестерін анықтау үшін оның баптары барабар талданды ма?
- Бюджетті жасау үдерісі ашық па және оған балалармен кеңесу енгізілген бе?
- Қалалық билік қызметтерінің барлық аспектілерінде барлық балалардың мүдделеріне жақындықты көрсету үшін, барлық бюджет жария түрде таратыла ма?
- Бюджет баптары балалар стратегиясында айқындалған нақты іс-қимылдар мен нысаналы көрсеткіштермен ара қатысы белгілене ме?

8-ҚАДАМ

Ұсыныс және кері байланыс.

Бағалау және тану портфолиосын дайындау аяқталғаннан кейін, яғни есеп, стратегия және іс-қимылдар жоспарын пікірді ұсыну үшін дайын болатын болады, оны БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесіне жіберу қажет. Ұлттық кеңес бұдан әрі қалай әрекет ету керек және бағалау мен танудың келесі кезеңіне қалай өту қажеттігін түсіндіру үшін қалалық басқару органының барлық лауазымды тұлғаларына түсініктемелер береді.



2-КЕЗЕҢ: БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢУ ҮДЕРІСІ

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢУ МОДЕЛІ



2-диаграмма: 2-кезең – Бағалау және тану моделі

1-ҚАДАМ

Өтінім беруге шақыру

БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесі рөлі бағалау және тану үдерісін үйлестіруден және басқарудан тұратын лауазымды тұлғалар тобы болып табылады. БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесі сараптау кеңесі ретінде әрекет етеді. Бұл кеңес министрліктердің, балалар мен жастар ұйымдарының, ҰЕҰ, БАҚ, өкілдерін, ата-аналарды, ЮНИСЕФ, және басқа да халықаралық және жеке сектор өкілдерін қамтиды.

БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесінің құрылғаннан кейінгі бірінші міндеті индикаторлар мен нысаналы көрсеткіштерді пайдалана отырып, Қалалардың балаға мейірімділігінің ұлттық индексі негізінде түпкілікті сараптамалық бағалау критерийлерін әзірлеу болады. Сосын кеңес қалалар әкімшіліктеріне беру мерзімдерін қоса алғанда, балаға мейірімді қала мәртебесін алуға мүдделі қалалар үшін түпкілікті кезеңдің үдеріс бөлшектерін хабарлайды. Бұдан әрі қалалар растау өтінімдеріне⁷ қол қою және оны кеңеске жолдау арқылы мүдделілікті білдіруге шақырады.

⁷
3-қосымшаны қараңыз



2-ҚАДАМ

Өтінім беру және портфолио дайындау

Бағалау және тану үдерісін бастау үшін бағдарламаға қатысуға мүдделі қала қызығушылығын білдіру нысанында өтінім толтыруы және оны белгіленген мерзімде БМҚ жөніндегі Ұлттық үйлестіру кеңесіне ұсынуы тиіс. Қалалық үйлестіру кеңесі өтінім беруге жауапты болады.

Бағалау және тану портфолиосын әзірлеу

Бағалау және тану портфолиосы бұл – балаға мейірімді қала мәртебесін беру үшін ҚМҚ бастамасы бойынша Ұлттық үйлестіру кеңесіне және қауым деңгейінде қоғамға ұсынылатын соңғы баяндама. Бағалау және танудың негізгі мақсаты бағалау және тануға дайындық кезеңі аясында қаланың балаға мейірімділігі туралы есеп және балалар стратегиясы мен іс-қимылдар жоспары әзірленгеннен кейін қаланың қол жеткізген прогресінің дәлелін ұсынуда болып отыр. Портфолионың кіріспе бөлімі қаланың бірегейлігін, оның ішінде тарихи, географиялық және мәдени ерекшеліктерін сипаттайтын қаланың негізгі сипаттамаларын шолуды қамтуы тиіс. Қаланың оң элементтерін де, сондай-ақ, қалада тұрып жатқан балаларға қатысты кез келген маңызды мәселелерді қоса алғанда, қарастыру қажет қиындықтар мен проблемалардың шолуын ұсыныңыз. Есепте фотосуреттер, карталар және басқа да мәтінге ілеспе көрнекі материалдар болуы мүмкін. Портфолионың кіріспе бөлімі сондай-ақ, кез келген кеңестерді, балалар, жастар мен қоғамдастықтың басқа да мүшелерін ерекше атап өтіп, есеп үшін ақпарат жинау үшін қабылданатын іс-қимылдардың/әдістердің қысқаша шолуын қамтуы мүмкін.

3-ҚАДАМ

Мониторинг нәтижелері негізінде балаға мейірімді қалалар индексі

Осы құрал, балаларға мейірімді қалалардың сапасын бағалау құралдарын арттыру үшін жасалған. Онда балалар мен жастарға мейірімділіктің сандық және сапалық аспектілері, сондай-ақ БМҚ бойынша ҚР Ұлттық үйлестіру кеңесі белгілеген көрсеткіштер мен стандарттар негізіндегі өлшемдер қарастырылады. Көрсеткіштер бірлесіп қауымдастықтың жалпы көрінісін бейнелейтін статистикалық деректер болып табылады. Бұл «бақылау көрсеткіші» сияқты, жай сөзбен айтқанда, «біздің қай жерде орналасқандығымызды» көрсетеді және қауымдастықтарға өткен жылдармен салыстырғандағы өзінің прогресін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бізге мақсат қою білуге және осы мақсаттарға жету үшін стратегиялар мен іс-қимылдар саясатын жасауға жағдай жасайды. Бұл көрсеткіштер «нормативтік» (жай ғана сандар) болып табылғанымен, стандарттар – барынша субъективті: олар мәнмәтіндегі көрсеткіштерге қарауға мүмкіндік береді, түсініктер тұрғысында басқаша айтсақ, «балаларға мейірімді» ден, «балаларға мейірімсіз»-ге дейін. Сіз есепте жеке көрсеткіштерге сәйкес уақытша өзгерістерді есепке ала отырып, факт бойынша деректерді көрсете аласыз, сондай-ақ, іс-қимылдардың стратегиялық жоспарында ұйғарылған, негізгі аспектілерге және шараларға сәйкес стандарттар қаншалықты сақталғандығы туралы да дәлелдер ұсына аласыз. Үкімет ұлттық стандарттарды және мақсаттарды, жаңа саясатқа, ресурстарды бөлуге және бүкіл ел бойынша жақсартуларға жауап ретінде бекітіп, өзгертуі мүмкін.

Бұл көрсеткіштер ЮНИСЕФ сәйкес көрсеткіштерінен алынған және бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарына тікелей байланысты. Бағалау және тану кезеңіне дайындық барысында жүргізілген, бастапқы зерттеудің нәтижелері есепке алынған, негізгі көрсеткіштердің әрқайсысы, сондай-ақ жақсартылудың болуы, өзгерістердің немесе теріс өзгерістердің (нашарлаған) болмауының дәлелдері қамтылуы керек. Қандай да бір көрсеткіш бойынша деректердің болмауын да атап өткен жөн, өйткені бұл әрі қарайғы зерттеулерді жоспарлау үшін аса маңызды. Кейбір көрсеткіштер нақты қала жағдайында сәйкес емес немесе аса пайдалы емес болып көрінуі мүмкін, алайда, есепте барлық индикаторлардың пайдаланылуы маңызды, бұл уақыт өте келе барлық жақсаруларды айқын елестетуге және басқа қалалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Егер көрсеткіштер қала құзыреті шеңберінде алынбауы мүмкін дәлелдермен байланысты болса, оны есепте көрсету маңызды. Қоғамдастық деректер алуға қызығушылық білдіргендіктен, нақты көрсеткіштер шеңберінен тыс мәселелер бойынша басқа басқарушы органдардың мониторинг жүргізуі мен деректер жинауына қала қолдау көрсететін жағдайлар да туындауы мүмкін. Мониторингтің маңызды аспектісі 1-кезең аясында бастапқы деректер ұсынылуын қамтамасыз етуде және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде жақсарулар мен ілгерілеу болған-болмағандығын бағалау үшін, осы деректерге бір, екі, үш жылдан кейін қайта жүгіну дәлелін анықтауда болып отыр.



4-ҚАДАМ

Объектілер мен қызметтер сапасын бағалау

Портфолионы бағалау және тану бойынша осы тараудың мақсаты, қаладағы объектілердің және қызметтердің сапасын анықтау және бағалау үшін жүргізілген, активтердің аудитін зерттеуден тұрады.

Қалалар дайындық кезеңінде бастапқы аудит жүргізілген кезден бастап объектілер мен қызметтердің дамуы мен жетілдірілуінің дәлелін, соның ішінде пайдаланушылардың бар объектілерге және қолжетімді қызметтерге бағалау жүргізу растауын ұсынуы тиіс. Көптеген жас адамдар қызметтерді бағалауға қатысқысы келеді, сондықтан, қалалар балалар мен жастардың қалалық объектілер мен қызметтер сапасын бағалауға қатысуына қолдау көрсету тәсілдерін табуы маңызды.

Бұл қызметтерді зерттеу ресми ме немесе онлайн-сауалнама түрінде ме немесе жас адамдар құпия пікірлер білдіре алатын дискуссиялық топтар екендігіне қарамастан, қаладағы қызметтер мен объектілер жастардың қажеттіліктерін қанағаттандырма, соны анықтау мүмкіндігіне ие болу маңызды.

5-ҚАДАМ

Балалар мен жастардың қатысуын бағалау

Портфолионың маңызды аспектісі балалар мен жастардың жетілдіру үдерісіне қатысуын бағалау болып табылады. Балалар мен жастарға мейірімді қоғамдастықтар құру және балалар мен жастарды азаматтық басқару үдерістеріне қатыстыру бірқатар себептерге байланысты үлкен маңызға ие:

1. **Қызметтер жақсартылатын болады** – олардың мүддесіне қатысты шешімдерді қабылдаған кезде балалардың қатысуы, барынша мақсатты бағытталған және барынша тиімді қызметтерді ұсынуды және көрсетуді қамтамасыз етеді.

2. **Балаларды және жастарды тарту қаржылық орынды** және барынша қарапайым және барынша экономикалық-тиімді шешімдерге әкеледі.

3. **Түсінуге мүмкіндік береді** – балаларды және жастарды проблемаларды талқылауға тарту, қоғамдық және жеке секторды, сондай-ақ «азаматтық қоғамның» маңызын түсінуге жағдай жасайды.

4. **Демократияның жақсы қызмет етуіне жағдай жасайды** – балалардың мүмкіндіктерін кеңейту және олардың іс-қимылдарына әрекет ету, оларға демократия жұмыс істеп істеп тұр дегенді білдіреді. Олардың көзқарастарын құрметтеу, басқаларының және қазіргі кезде де, сонымен қатар олар есейген кезде де, олардың тараптарынан болатын құрметтеуге алып келеді.

5. **Балалардың, жастардың және олардың отбасыларының өмірлерінің деңгейін көтереді** – үкіметтің барлық әрекеттерінің негізгі мақсаты болып табылады.

Балалардың және жастардың қатысуын қолдау және кеңейту үшін өзіңіз жүзеге асырған стратегиялардың және іс-шаралардың салдарын және ықпалын бағалаған кезде, Сіз қатысудың алуан түрлілігін, сапасын және санын растайтын дәлелдерді іздеуіңіз керек.

Дәлелдер ретінде пайдалануға болатын индикаторлар:

1. Оларды толғандыратын барлық мәселелер бойынша қалалық кеңес жүргізген арнайы балалар кеңестерінің саны.

2. Қалалық Кеңес құрған, кеңестер үдерісіне қатысушы балалардың және жастардың саны және алуан түрлілігі.

3. «Қиын қол жететін» немесе маргиналдандырылған балаларды (яғни, мүмкіндігі шектеулі немесе айрықша қажеттіліктері бар балалар, әлеуметтік жетімдер, ауылдық жердің балалары, нәрестелер және мектеп жасына дейінгі балалар) қамтамасыз ету үшін ұсынылған мүмкіндіктердің саны және түрлерінің алуан түрлілігі кеңес беру үдерісінде ықпалдастық етудің мүмкіндігі болып табылады.

4. Сондай-ақ жоғарыда аталғандардың барлығы үшін, бір мәртелік жүзеге асырылған іс-шараларға қарағанда, ұсынылған мүмкіндіктердің жиілігі артады.

5. Бала құқықтары туралы Конвенцияның 12 бабының қағидаты құжаттарға және барлық деңгейлердегі билік органдарының саясаттарына қалай жазылғандығын анықтаңыз.

6. Мемлекеттік және жеке бастауыш және орта мектептерде және балалардың арнайы топтарына арналған арнайы мектептерде қалай және қандай құқықтар оқылатындығы туралы дәлелді ұсыныңыз.

7. Балаларға және олардың қызметтеріне қатысты, мәселелер талқыланатын, кез келген қоғамдық хабар тарату бағдарламаларын анықтаңыз.

8. Балалардың және жастардың қала ұсынатын жақсартылған жайлылықты және қызметтерді бағалауға қалай қатысатындығының және өмір жағдайын балаларға барынша қолайлы ету үшін, жақсарту мәселелеріне өз үлестерін қосу мүмкіндігі бар, дәлелдерін ұсыныңыз.

9. Балалар және жастар үшін, қалада барлық балаларға арналған қаланың сапасын арттыру үшін жүзеге асырылатын негізгі жоспарлы іс-шараларға қатысты белгілі бір кеңестер өткізілгендігінің мүмкіндігін және дәлелін ұсыныңыз

6-ҚАДАМ

Стратегия және іс-қимылдар жоспарының ықпалын бағалау

Бағалау және тануға арналған портфолионың осы бөлімі балалар стратегиясы шеңберінде қала айқындаған және қабылдаған негізгі іс-қимылдар ықпалының дәлелін ұсынуы тиіс. Есепте осы бағытта негізгі жұмыстар қалай жүргізілді, оларды орындауға кім жауапты екендігін, Стратегия және іс-қимыл жоспарын бағалау, қабылданған шаралардың бақылау тізімі, сондай-ақ бұл іс-қимылдардың, балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға тигізген әсерінің нәтижелері қамтылуы тиіс. Ол үшін, қалалар, балалардың өмір сүру сапасының және ықпалының, бірқатар алдын ала немесе кейінгі бағалауын жүргізуі керек немесе олар іс-шара барысында балалардың өздері жүргізу үшін мүмкіндік берулері керек. Мәселен, егер, жүзу бассейні сияқты, спорт объектісі, мүмкіндігі шектеулі балалардың қол жетімділігі үшін жақсартылған болса, онда бұл қызметтің тікелей клиенттері болып табылатын балалар, сұхбаттастырылған немесе олардың өмірлерін жақсартудың құндылықтарына, салдарына және ықпалына қатысты нәтижелерге сауалнама жүргізілген болуы керек. Жақсартуға дейін және одан кейін орталыққа келген балалардың саны да ықпал етудің құнды дәлелі болады. Қанат белгі ғана қойып, оның маңызын және балаларға ықпал етуін бағалаусыз жақсарту өткізілді деп айту, бағалау және мониторинг болып саналмайды.

7-ҚАДАМ

Қорытынды бағалау үшін портфолио ұсыну

Қала Бағалау және тану портфолиосын жасағаннан кейін, ол бірден растаушы құжаттардың көшірмелерімен немесе ерекше дәлелімен бірге (фотосуреттер, пікірлер) соңғы шешім қабылдау үшін, балаға мейірімді қалалар бастамасы бойынша Ұлттық үйлестіру кеңесіне жібереді. Портфолиоға қоса берілетін ілеспе құжаттар бағалау және тануға дайындық кезеңіндегі бастапқы есепті, стратегияны және іс-қимылдар жоспарын қамтуы тиіс.

8-ҚАДАМ

Қоғамдық ұйым түсініктемелері бар есеп дайындау

Портфолио жасалғаннан кейін қала оның көшірмесін растау құжаттарымен немесе ерекше дәлелімен бірге (фотосуреттер, пікірлер) қала барлық іс-шараларды жоспар бойынша қалай жүзеге асырғандығын сипаттайтын құпия есеп жазуға, сондай-ақ қаланың жетістіктеріне қатысты қорытынды жасау мүмкіндігі бар, жастар қауымдастығының өкілдерінен құралған, қауым деңгейіндегі ұйымға жіберілуі керек. Топ қалалық әкімшіліктің мүшелерінен емес, қаладағы жастар топтары мен ұйымдарының негізгі өкілдерінен (соның ішінде, балаларды және жастарды қосқанда) құралуы керек. Бағалаудың критерийін бекіту үшін, команда портфолионы құруды аяқтағанға дейін құрылуы керек. Топтың өкілдерінің, олар баяндаманың негізгі элементтеріне қатысты ұсынатын адамдардан кеңес алу үшін жүгіну мүмкіндігі болуы керек. Оларға кеңес беру, сондай-ақ түсіндірме есепті жасау үшін уақыттың орынды көлемі ұсынылуы керек. Есеп тікелей Ұлттық кеңеске жіберілуі және толық құпия болуы тиіс.

9-ҚАДАМ

Ұлттық кеңестің портфолионы бағалауы

Балаға мейірімді қалалар бастамасы бойынша Ұлттық кеңес ақтық портфолионы, растау құжаттарын және қоғамдық ұйым түсініктемелері бар есепті алғаннан кейін, қаланың өткен Бағалау және тануға дайындығы кезінде ұсынған алғашқы стратегиялық және жұмыс жоспарын жақсарту сапасына қатысты шешім қабылдайды. Кеңес сондай-ақ қаланың қол жеткізген 1 немесе 2 мәртебелік деңгейлеріне қатысты шешім шығаратын болады. Бағалау және мониторинг үдерісінің сапасы мен салдарын қарастыру нәтижесінде Сараптау кеңесі шығаруы мүмкін екі ықтимал шешім нұсқасы бар:

ҚАЛАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІГІН ТАЛУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Екі жылға берілетін **бірінші деңгейдегі балаға мейірімді қала мәртебесі** қала балалардың өмір сүруі үшін қолайлы болудың негізгі талаптарын орындады, бірақ жақсартуды талап ететін, маңызды салалары бар дегенді білдіреді.

Екі жылға берілетін **екінші деңгейдегі балаға мейірімді қала мәртебесі** қаланы үлгі ретінде: алдыңғы қатарлы тәжірибе қаласы және балаларға мейірімділіктің ең жақсы тәжірибесі бар қала ретінде мойындайды.



МОНИТОРИНГ

Мониторинг бағдарламаның ықпалы туралы пайымдау жасау, бағдарлама тиімділігін арттыру мақсатында өзгерістерді басқару және бағдарламаның болашағы туралы шешімдердің ақпараттық қамтамасыз етілуін ұсыну үшін балаға мейірімді қалалар бағдарламасының қызметі, сипаттамалары және нәтижелері туралы ақпаратты жүйелі түрде жинау және талдауды болжамдайды.

Балаға мейірімді қалалардың қазақстандық мониторинг индексі

Балаға мейірімді қалалардың қазақстандық мониторинг индексі – ЮНИСЕФ және Қазақстан Үкіметінің бірлескен жұмысының нәтижесі. Индекс «Балаларға мейірімді қала» атты ЮНИСЕФ бастамасына сәйкес Адам әлеуетін дамыту индексі, Балалардың әлемдегі және МДМ орны жөніндегі есепке енгізілген көрсеткіштер негізінде әзірленді. Индекс нәтижелері қалада тұратын балалар үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға, әлеуметтік оқшауланудың әртүрлі нысандарын және әлеуметтік жағдайдың нашарлау механизмдерін анықтауға және ҚР Үкіметі, ЮНИСЕФ және деректер жинауды жүзеге асыратын қалалық басқару органдарының арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі.

Қазақстанның БМҚ ұлттық индексі, осылайша, балаға мейірімді қалалық ортаны құруда қалалардың ілгерілеуін бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Алайда, Индекс – тек жіберілетін нүкте ғана. Бағалаулар мен нәтижелер қол жеткізілген прогресс негізінде жатқан факторларды және қалалар балаға аса мейірімді болуы үшін қандай жұмыс жүргізу қажет екендігін көрсетеді. Бұл қалаларға өз прогресін басқа қалалардың жетістіктерімен салыстыруға, сондай-ақ өз прогресін уақыт бойынша бақылауға мүмкіндік беретін құрал. Қазақстанның БМҚ ұлттық индексі қалаларға өз артықшылықтарын және бірқатар санаттар, кіші индикаторлар мен көрсеткіштер бойынша кемшіліктерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның БМҚ ұлттық индексі қалаларға көптеген басты әмбебап көрсеткіштерді пайдалану арқылы халықаралық деңгейде кейбір салыстырулар жүргізу мүмкіндігін береді және, осылайша, өз прогресін басқа қалалармен және өңірлермен салыстыра отырып қарастыруға, оң нәтижелерге әкелетін саясат нұсқаларын зерделеуге және ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де инновациялық саясат шараларымен алмасуға мүмкіндік береді.

Санаттары мен кіші индикаторлар төменде берілген. Оларға жататын нақты индикаторлар мен нысаналы көрсеткіштер 1-қосымшада толық баяндалған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ ҚАЛАЛАР ИНДЕКСІ – САНАТТАР МЕН КІШІ ИНДИКАТОРЛАР

1. Балалардың өмір сүруінің табысты бастамасы – Салауатты бастама, Сумен қамтамасыз ету және кәріз
2. Балаларды зиян келтіруден қорғау – қорғау
3. Балалардың білім алуы және дағдылары - білім алу, білімге қол жеткізу
4. Балалардың лайықты өмір сүру деңгейі – әлеуметтік теңдік, қоршаған орта
5. Балалардың мәдени-бос уақытын өткізу қызметі – демалыс және ойын-сауық, мәдени өмірге араласу
6. Балалардың азаматтық өмірге араласуы – қатысу, құқық

МОНИТОРИНГ МАҚСАТЫ

Балаға мейірімді қалалар бағдарламасы шеңберінде толық мониторинг жүргізу үшін екі негізгі себеп бар.

Бірінші мақсаты балалардың өмірін жақсарту бойынша кейінгі шаралар туралы негізделген шешімдер қабылдау үшін білім мен ақпарат алуда болып отыр. Осылайша, мониторинг – бұл бағдарламаны жақсарту мақсатында, кім үшін және қандай жағдайда ненің жақсы жұмыс істегенін, сондай-ақ аса маңызды – ненің жұмыс істемегенін анықтау үшін зерделеу. Екінші негізгі мақсаты есептілік, яғни жергілікті (муниципальды) билік органдарының өздері атқаратын жұмыс нәтижелері үшін жауаптылығына қатысты. Мониторинг және есептілік мақсаттары үшін бағалау сыртқы және ішкі органдар алға қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілуінің дәлелін анықтауға бағытталған. Мониторинг және кейіннен бағалауды және есептер ұсынуды тәуелсіз сарапшылар, яғни бағдарламаға жұмылдырылмаған, міндеті нәтижелердің дұрыстығын тексеру болып табылатын адамдар жүзеге асыруы мүмкін. Екінші нұсқасы – ішкі бағалау, яғни оған барлық серіктестер қатысатын мүдделі адамдар жүргізетін бірлескен бағалау. Бұл жағдайда процесті бақылайтын бақылау кеңесі құрылуы тиіс.

Төменде мониторинг мақсаттарының кейбір сипаттамалары көрсетілген.

- Мониторинг ағымдағы және болашақ бағдарламаларды өткен тәжірибеден алған сабақтар туралы ақпараттандыру бойынша шешімдердің сапасын жақсартуға көмектеседі.
- Мониторинг бағдарламалардың негізгі нәтижелерге қалай ықпал ететіндігі туралы жақсы түсінік бере алады.
- Мониторинг – бұл жақсы басқарудың маңызды компоненті, ол қолданыстағы және ұсынылатын бағдарламаларға қатысты шешімдер қабылдау және саясат жасау үшін, дәлелдерге негізделген нақты ақпарат жасайды. Ол ұйымдастырушылық кепілдіктер және жауапкершіліктер механизмін қамтамасыз етеді, сондай-ақ реформалардың және прогрестің катализаторы болады.
- Басқаруды объективтік ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, мониторинг құндылықтарды анықтауға және басымдылықтарды орны-орнына қоюға көмектеседі.

НЕГІЗГЕ АЛЫНАТЫН МОНИТОРИНГ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қалалық компандалардың мониторинг үдерісін әзірлеу және нәтижелер туралы есептер құрастыру кезінде қалалар төменде көрсетілген бес негізге алынатын қағидатты пайдалануы тиіс.

1. Деректер түрін анықтау – сандық айқындауға бейімделетін құралдарды пайдалана отырып объективті бағалау жолымен алынған деректер немесе фактілер, және бағалау пайымдаулары мен жеке дәлелдерді қамтитын сапалық бағалау құралдарын қолданумен аса субъективті әдістермен алынған деректер арасына нақты шек қою қажет. Дәлелдің екі түрі де маңызды және пәрменді және екеуі бірлесіп ең жақсы нұсқаны білдіреді, алайда, ақпарат немесе деректер қандай санатқа жататындығын айқындап алу қажет. Сондықтан деректерді жинау әдісін мониторинг нәтижелері туралы есепке (мәселен, сырттай кеңесші жүргізген сандық зерттеулер, немесе қауым жүргізген балалардың өзін-өзі бағалауы) қосу маңызды.

2. Қатысу және жұмылдыру – барлық балалар мен жастардың қатысуымен ұжымдық үдеріс мониторинг үдерісіне енгізілуі тиіс. Ол формативтік бағалаудың (үдеріс шеңберінде), сондай-ақ жалпылама бағалау мен кейінгі мониторинг кезеңдерінің бір бөлігі болуы тиіс. Осылайша, жас адамдар мониторинг командаларының құрамына кіріп, деректер жинауға қатыса алады, сондай-ақ есептер ұсынғаннан кейін олар дәлелдердің дұрыстығына қатысты түсініктемелер беретін фактілерді тексеру жөніндегі сарапшылар ретінде қатыса алады (мәселен, қала дамуында ерекшелігі бар балалардың бос уақытын қамтамасыз етуге арналған демалыс объектісін қайта жаңғырту туралы хабарлайды, бұдан әрі мұндай балалардан өз тәжірибесіне сүйене отырып, осы ақпаратты растауын немесе теріске шығаруын өтіну қажет).

3. Тәуелсіздік және риясыздық – мүдделер қақтығысын әлсірету пікірлердің алуан түрлілігін ортақ мақсатқа жетудегі мүмкіндікке айналдырады. Қатысу үшін нұсқалар мен мүмкіндіктердің алуан түрлілігін қамтамасыз ете отырып, мүдделер қақтығысы деңгейін төмендету аса маңызды. Қатысушылар әртүрлі пікірлерін қауіпсіз және қолайлы жағдайда айта алатын орта құрудың маңызы зор. Бұған мониторинг бойынша іс-шараларға анонимді қатысу үшін мүмкіндіктер жасауды (мәселен, Интернет арқылы немесе сауалнама жүргізу кезінде сауалнама парақтарына арналған жәшіктер қолдану арқылы) және ашықтық пен риясыздық жағдайында барлық пікірлердің тиісінше есепке алынуын қамтамасыз етуді жатқызуға болады.

4. Ашықтық – мониторинг үдерісі ашық болуы тиіс. Үдерістің барлық кезеңдерінде нәтижелер түсініктемелер ұсыну үшін барлығына, әсіресе, балаларға, оның ішінде тәуекел тобына жататын балаларға, тұрмысы нашар отбасынан шыққан балаларға, сондай-ақ дамуында ерекшеліктері бар немесе мүмкіндіктері шектеулі балаларға хабарлануы тиіс. Бағалау әдістерін ашу және, бірінші негізге алынатын қағидатқа сәйкес, бағалау пайымдаулары мен фактілерін нақты жіктеу қажет. Үдерістің ашықтығын қамтамасыз ету үшін есептер беру және нәтижелерді хабарлау құралдары алуан түрлі, әртүрлі деңгейдегі сауаттылық деңгейлеріне және тілдік алуан түрлілікке бейімделген болуы тиіс.

5. Циклдік және тұрақтылық – мониторинг тұрақты үдерістерді пайдалана отырып үздіксіз жүзеге асырылуы тиіс. Егер бағалау үдерістері көп шығындарды қажет етсе, деректерді алу қиын немесе бағалауды тек сырттай сарапшылар жүргізе алады, мониторинг тұрақтылығын қамтамасыз ету қиын. Бір-ақ рет орынды болуы мүмкін сырттай сарапшылардың қымбат тұратын кеңесіне қарағанда, әртүрлі дереккөздерді, қауым әлеуеті мен дағдыларын пайдалануды қамтитын үлгі аса тиімді. Мониторинг жөніндегі команда құрамына кіретін қауым мүшелерін оқытуға инвестиция салу бастапқы кезеңде шығындалуды қажет етеді, бірақ ұзақ мерзімді нәтижеге ие болады. Әрдайым формативтік (бағдарламаны іске асыру барысында) және суммативтік (аяқталған кезде) бағалау және мониторинг жүргізу мүмкіндігін қарастыру қажет.



ҚАТЫСУДЫ ҚОЛДАУ

БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Балалар мен жастардың қатысуы «Балаға мейірімді қала» атты ЮНИСЕФ бастамасының басты аспектісі болып табылады. Қатысу маңыздылығы Баланың құқықтары туралы конвенцияның 12-бабында айтылған балалардың қатысу құқықтарымен расталады. Конвенцияның қатысуға аса мән беруі қалалардың балалар мен жастардың қала өмірін жақсартуда серіктестер ретіндегі рөлін бағалауға ықпал етті. Жақында жарияланған Балалар белсенді азаматтар ретінде мақаласы Азия-Тынық мұхиттық өңірде «қатысу» термині әлі тиісті анықтамасын алған жоқ және кең қызмет спектрі үшін пайдаланылады деп атап көрсетілген. Авторлар қатысуға анықтама берілмеуіне байланысты онда әлі күнге дейін қатысу жөніндегі нақты бағдарлама жоқ деп жазады. Олар балалардың қатысу практикасы жалпылама түрде көбінесе, баланың өз пікірін сөзсіз білдіру құқығына (БҚК, 13-бап) және БҚК көзделген басқа да азаматтық құқықтарға қарағанда, балаға қатысты барлық мәселелер бойынша (БҚК, 12-бап) пікірін еркін білдіру құқығына негізделгенін атап көрсетеді. Нәтижесінде, балалардың қатысуы, бұрынғыша, бір реттік үдерістермен шектеліп отыр, бірақ балалардың азаматтық құқықтарына қатысты нақты міндеттемелер мен іс-қимылдар жиынтығымен ұсынылмаған. Сондықтан да БМҚ бастамасына қатысатын барлық ересектер артықшылықтар мен балалардың қатысуын қолдаудағы рөлі туралы хабардар болуы маңызды. Қала сондай-ақ шынайы және маңызды қатысудың нақты анықтамасын ұсынуы және балалар мен жастардың қала қызметіне қатысуының дәлелдерін жинау және дәрежесін, сапасы мен ықпалын бағалау үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс.

Балалардың қатысуын қолдау артықшылықтары

Балалардың қатысуын қолдаудың және белсенді азаматтық ұстанымның бірқатар артықшылықтары бар, атап айтқанда:

- Балалар сарапшы болып табылады, өйткені, қазіргі кезде, ересектер өздерінің өткен балалық шақтарын естеріне түсіре алатын ғана болса, ал балалар болса, әлі «бала» болып табылады, олар отбасына мектепке, қауымға және БАҚ маңызды үлес қоса алады.
- Тәжірибеде азаматтық құқықты және міндеттерді зерттейтін және жүзеге асыратын балалар, әдетте, есейе келе, өздерінің құқықтарын және міндеттерін жүзеге асыратын белсенді азаматтар болады
- Жақсы ақпараттандырылған, хабарландырылған және білімді азаматтарға инвестициялау, экономикалық өсу үшін басымдылықты қамтамасыз етеді. Барынша ақылды жұмыс күші, барынша күшті жұмыс күші болып табылады. Барынша күшті жұмыс күші, барынша күшті экономиканы құрады. Барынша күшті экономика, кедейшіліктің деңгейін төмендетеді.
- Денсаулық және жыныстардың айырмашылығы туралы ақпараттарға қолы жетімді балалар, өздерін жақсы қорғауға және дұрыс таңдау жасай білуге қабілетті.
- Егерде олар өздерінің көзқарастарын көрсете алатын болса және шағымдарды қарастырудың тиімді механизміне қол жетімділігі болатын болса, интернаттық мекемелердегі балалардың, қатал қатынасқа ұшырауына немесе түңілулеріне мүмкіншіліктері аз болады.
- Белсенді азаматтық ұстаным сенімді, жауапкершілікті қамтамасыз етеді және зорлық-зомбылықты азайтады. Өнімді азаматтық қатысу мүмкіндігінсіз, жастардың түңілулері, теріс әлеуметтік мінез-құлыққа әкелуі мүмкін.

Балалардың қатысу түрлері

Балалар ересектерге бағдарланған, қоғамдағы жеке-ленген топ болып табылады. Оларда ересектермен тең болмайтын қарым-қатынастары болады, ал олардың өмірлерінің басым бөлігін ересектер бақылайды және шектейді.

Негізгі күрделіліктер, шектеулердің немесе балалардың қате ұғымдарының салдарынан болмайды, балаларға ұйғарылған ұстанымдардан болып жатады (Алдерсон және Гудни, 1996 жыл, 106-бет).

Сіз өз қалаңызда бастамашы болуға болатын, қатысудың көп түрлері және деңгейлері болады. Өзіңіз жасайтын, қатысу түрінің ең маңызды элементі, олар икемді, ерікті және әртүрлі болатындығында, олар халықтың әртүрлі топтарындағы балаларға және жастарға енгізілген болуға мүмкіндігі және таңдауы болуға мүмкіндік беретіндігінде болып отыр.

ҚАТЫСУ БАСҚЫШЫ

8. Ересектердің шешімімен бірлесе отырып, балалар бастамашы болған

7. Балалар бастамашыл болған және бағыттаған қатысу

6. Балалардың шешімдерімен бірлесіп ересектер бастамашыл болған

5. Кеңестер және ақпарат алмасу

4. Ақпараттық сипаты бар, белгіленген қатысу

3. Символдық қатысу

2. Декорация

1. Манипуляция



Жастардың қатысуының сегіз деңгейі. Басқышты бейнелік елестету Шерри Арнштейннен (1969 жыл) алынған; санатын Роджер Харт жасаған.

1 сурет: Харт жасаған, Балалардың қатысу басқышы (1997)

Балалардың қатысу туралы ықпалды үлгілердің бірін, «балаларды қатысу басқышымен» бірге Роджер Харт жасаған. Басқыштар ересектің және баланың қатысу тәжірибесіне ұсынылған өзара әрекеттестіктерінің ықтимал түрлерін жіктейді. Үлгі қатыспаудың түрлерін көрсететін үш төменгі сатылары: «манипуляция», «декорация» және «символдық қатысу» бар, сегіз жеке сатылардан құралады. Жоғарғы 5 сатыны, балалардың өздері белгілейтін, жобаларға қатысудың түрлі деңгейін көрсетеді, бірақ ересектермен шешім қабылдауға арналған жауапкершілікті бөлісетін жастар бастамашыл болған жобаларға дейін, ақпараттық болып табылады. Харт өзінің моделін түсіндірген кезде, ол мұның, балалар әрдайым жоғары деңгейде әрекет етеді; балалар өздері таңдаған, үдерістің кез келген сатысында, кез келген деңгейде жұмыс істейді дегенді білдірмейді деп ескертеді. Харттың пікіріне сәйкес, үлгі кәсіби топтардың және мекемелердің кең тобына, балалармен өзара әрекеттестік жолдарын қайта зерделеуге мүмкіндік беретін, форманың қарапайымдылығын және мақсаттардың айқындығын ұсынады. Түсінуге және жұмыстың ағымдағы әдістерін бағалау үшін линзаны ұсына отырып, үлгі, адамдардың барынша нақты мәнмәтіні үшін барынша күрделі және пайдалы құралдарын немесе стратегиясын жасауларына көмектесу үшін әлеуетке ие болады. Қатыспауды білдіретін, басқыштың төменгі сатысын анықтау, бірінші реттен, қатысудың символдық түрінен, барынша нақты түріне және өзінің балаларымен және жастарымен мол қатынасқа өтуге тырысатын көптеген қалалар үшін ең пайдалы болуы ықтимал.

Балалар, балаға мейірімді қалалар үдерісінде өздерінің ересектермен қатынасында барынша білікті және сенімді болған сайын, балаға бағытталған бұл режимдер және қатысудың мақсатты бағытталған түрлері барынша айқын бола түседі деген үміт бар. Қатысудың бірлескен немесе дербес бастамасы ең белсенді және балаға бағдарланған қатысу түрі болып табылған кезде, тағайындалған қатысу, балалардың нақты қатысу көзқарасы тұрғысынан, қатысудың ең төменгі деңгейі болып табылады. Сондай-ақ балалардың жасы мен құзіреті де, қатысудың түрін таңдау кезінде олардың қабілеттеріне сәйкес фактор болуы мүмкін және басында қатысуды қолдау маңызды болғанымен, баланың жасы мен құзіретін ешуақытта қатысуға кедергі ретінде қарастыруға болмайды, бірақ балаларға қолдау және көмек көрсеткендігініне жауапкершілікті өзіне алу үшін, ересектердің балаларға қатысу дағдыларын тәрбиелеуіне қарай, оларға барынша белсенді қатысу мүмкіндігін ұсыну үшін, ересектерге қарсылық ретінде мойындау керек.

Ендіріме 2 ересектермен өзара әрекеттестікке арналған балалар үшін қол жетімді қатысу рөлдерінің ықтимал түрлерінің тізімін көрсетеді. Балаларға қатысудың қандай түрін ұсыну туралы ереже болмағанымен, қатысудың кейбір түрлері, барынша сенімді және балаға бағдарланған қатысуды қамтамасыз етеді.



ҚАТЫСУ ТҮРЛЕРІ

Өздігінен бастамаланған қатысу

Балалар дербес сәйкестендіріледі немесе балалар жүргізетін қатысу үдерісіне тығыз енгізіледі және жеке бастама жасайды немесе балалар топтарымен бірге қатысу туралы келіседі – олар, өздерімен бірге қатысу үшін ересектерді де шақыра алады.

Бірлескен қатысу

Ересектер мен балалар серіктес болып табылады және басынан бастап бірлесіп, барлық қатысушылар үшін қол жетімді, қатысудың түрі және рөлдерінің деңгейі туралы шешім қабылдайды.

Келісімдік қатысу

Ең жақсы деңгейде олардың қажеттіліктеріне және қабілеттеріне сәйкес келетін, рөлдер туралы ересектермен келісетін балаларға ұсынылған, қатысу үшін бірқатар салалар мен мүмкіндіктер бар, қатысу ерікті болып табылады.

Шақырылған қатысу

Ересектер балаларды, олардың қатысуымен немесе аз ғана қатысуымен болатын немесе бала үшін салдарсыз, алдын ала белгіленген рөлдерге қатысуға шақырады

Тағайындалған қатысу

Ересектер балаларды алдын ала анықталған рөлдерге қатысуға шақырады және олардың салдарсыз қатыспау мүмкіндігі жоқ

2 ендіріме: Балалардың қатысу түрлері

ҚАТЫСУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЕРЕСЕКТЕРДІҢ РӨЛІ

Балалардың және жастардың қатысуы құнды және қолдау табатын болып саналатындығын қамтамасыз ету үшін, ересектердің өзіне алуға тиісті бірқатар ережелері, рөлдері және міндеттемелері болады. Ересектер тиісті:

- Балаларға азаматтар ретінде қарауға
- Отырып, мұқият тыңдауға
- Балаларға түсінікті тілмен хабарлауға
- «Балаға мейірімді» деген терминнің, «балалық» екенін білдірмейтінін түсінуге
- Балаларды толық ақпаратпен қамтамасыз етуге (барлық мәселелер, барлық салдардар)
- Таңдау жасау да және салдары үшін жауапкершілік атқару дағдыларын ынтыландыруға
- Балалардың өз шешімдерін қабылдау үшін еркіндік және кеңістік беруге
- Ақыл немесе уағыз айту емес, қолдау және басшылық нұсқауларын қамтамасыз етуге
- Балаларды демократиялық тәрбиелеуді, отбасылық өмірге және басқаруға оқытуды қолдау үшін басқа ересектерді ынталандыруға
- Балалардың өз өмірлерімен өмір сүруге және жеке шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беруге
- Өзінің жеке пікірін басымдылықсыз, ізеттілікпен білдіруге үйренуге
- Көрсету кезінде, мысалмен көрсеткенде жақсы үлгілеуді пайдалануға.

Балалардың қоғамдық өмірге қатысуының кейбір жалпы қағидаттары, балалардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын, ұлттық немесе халықаралық деңгейде емес, қауым деңгейінде қатысуға негізгі басымдылықты шоғырландыруды қамтиды. Сіз балалардың ақпараттары, пікірлері және уайымдарын есепке ала отырып, мемлекеттік шешімдер қабылдануын қамтамасыз етуіңіз керек және бұл балалардың пікірлерін ескермей-ақ, балаларды және шешімдер қабылдайтын тұлғаларды бірге жинайтын, жоғары деңгейдегі іс-шараларға қарағанда, анағұрлым маңызды болып табылады. Сіз жасалатын шешімдерді бақылайтын балалардың біртіндеп көбейіп келе жатқанына қатысты ұзақ мерзімдік тәсілді пайдалануыңыз керек және шешімдер қабылдау үдерісіне балалардың қатысуының тұрақты механизмін күшейтуіңіз қажет. Балалардың басқару үдерісіне қатысуына салынатын барлық ірі инвестициялар, саяси сыпайылыққа немесе басталмай-ақ күйреуге ұшырайтын, үлкен үміттерге немесе жобаларға сенім білдірген балалардың беделіне нұсқан келтіретін, қалаулыны, шындыққа қабылдағанға емес, берік дәлелдерге негізделгеніне сенімді болыңыз. Балалардың басқару үдерісіне қатысуын, басқарудың барынша кең күн тәртібімен байланыстыратыныңызға көз жеткізіңіз.

ҮКІМЕТТІҢ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫН ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

Үкімет жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейлерде төмендегілер арқылы балалардың қатысуын қамтамасыз ететін нақты үдерістерді қолдау үшін өз мойнына жауапкершілік алуы тиіс:

- БҚК үйлесімді және баланың дамып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес, балаларды маңызды шешімдер қабылдауға тартуды және қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық және әкімшілік рәсімдерді қайта қарастыру.
- Балалардың өз пікірлерін білдіруге және кейіннен балалардың шешім қабылдауға қатысуы үшін балалардың құқықтары туралы, ересектер мен балалар арасындағы хабардарлық деңгейін арттыру
- Білім беру саласындағы белсенді білім алу және оқыту әдістерін ынталандыру
- Ересектердің, мәселен, оқытушылардың, денсаулық сақтау қызметкерлерінің, әлеуметтік сала қызметкерлерінің және балалармен қатынас жасайтын басқа да сала мамандарының әлеуеттерін дамыту және балаларды шешім қабылдау үдерісіне тарту
- Балаларға қатысты сый-құрметті, тыңдай білу дағдыларын ынталандыру және ата-аналарды оқыту және ата-аналарды дайындау арқылы демократиялық тәрбиелеу тәжірибесін ынталандыру
- Басқару комитеттері және шешім қабылдайтын басқа ұжымдық органдар арқылы мектептерде және басқа да мекемелерде шешімдер қабылдау дағдыларын балалардың бойында дамыту
- Мемлекеттік саясаттың барлық бағыттары (тек балаларға тікелей қатыстылар ғана емес), балалардың және жастардың пікірлері негізінде жасалатынын қамтамасыз ету.



ІС-ҚИМЫЛДАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУГЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Өзінің балаларының қажеттіліктерін, қаланың қаншалықты жақсы қамтамасыз етіп жатқандығының ең жақсы төрешісі - балалардың өзі және олардың отбасылары болып табылады, сондықтан да балаға мейірімді қаланың стратегиясы, білімнің негізгі генераторы және іс-шаралардың, қызметтердің және объектілердің бақылаушылары ретіндегі балалардың және отбасыларының рөлдеріне негізделуі тиісті. Демек, сізге келесі айтылғандарды жасау керек:

- Қозғалысқа әкеліп, балалардың қатысу қарқынын қолдауға арналған, балалар тұрғысындағы іс-шаралар жасау
- Оларға қатысты мәселеде, балалардың және жастардың пікірлеріне қатысты муниципалдық көшбасшылардың кеңестерін жүргізуді жеңілдететін, балалардың қатысуы үшін, қандай да бір түрдегі тұрақты құрылым жасау
- Көрсетілетін қызметтер туралы балалардың пікірлерін жинау мақсатында, түрлі муниципалдық аудандарда және департаменттерде ұсыныстарды/бақылауларды жинауға арналған жәшіктер орнату
- Оларға ықпал көрсететін, кез келген муниципалдық мәселелерге қатысты балалардың пікірлерін, идеяларын және проблемаларын жинау үшін электрондық поштаның мекенжайын немесе веб-сайт жасау
- Қатысу үдерісіне тартылған балалар мен жастар, басқа муниципалитеттегі өздерінің әріптестерімен кездесетін, жыл сайынғы оқиғаны мерекелеуге ықпалдастық жасау.

ҚАТЫСУДЫ ӨЛШЕУ

Балалар мен жастардың қатысуының дәлелдерін ұсынған және мониторинг жүргізген кезде негізгі үш аспектіні ескерген жөн: балалардың қатысу дәрежесі, балалардың қатысу сапасы және олардың қатысуының ықпалы.

1. Балалардың іс жүзінде қатысу **дәрежесі** олардың жұмылдырылу деңгейі мен қатысу нысанына, сондай-ақ олар қатысуға тартылатын кезеңіне сүйене отырып, бағалануы мүмкін. Яғни, ересек қандай кезде баланың пікірін білуі қажет, бала мен ересектер арасындағы ынтымақтастық қандай нысанда болуы тиіс, және, соңғысы, балаларға қандай кезеңде өзінің жеке проблемалар мен үдерістерді айқындау және ересектерге қарамастан өз мүдделерін қорғау мүмкіндігі берілді деген мәселелерді білуі қажет.
2. Балалардың қатысу **сапасы** балалармен жұмыс істеудің тиісті тәжірибесін ұсынатын жалпыға ортақ танылған қағидағар мен стандарттарға қатысты бірқатар көрсеткіштер бойынша бағалануы тиіс. Балалардың қатысуы тиісті ақпарат ұсынумен ашық, ерікті түрде, құрметті, өзекті, балаға мейірімді және ынталандырушы, инклюзивті, қауіпсіз, тәуекелдерге сезімтал және есепті болуы тиіс.
3. Соңғысы, балалар қатысуының **ықпалын** бағалау қажет. Кез келген жеке бастамада немесе қызметте тиімділік көрсеткіштерін балалар үдеріске қатысып отырған ересектермен бірлесіп айқындауы тиіс. Бұған балалардың өзіне (мәселен, өзіне деген сенімділік, дағдыларын қалыптастыру, өзің-өзі бағалау), бағдарлама немесе жоба нәтижелеріне, қызметкерлерге, ата-аналарға, жергілікті қоғамдастықтағы балаларға деген қарым-қатынасқа, сондай-ақ жалпы балалардың құқығын іске асыруға ықпал ету көрсеткіштері жатқызылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Алдерсон, П. и Гуди, С. (1996 ж.) Мүмкіндігі шектеулі балаларды зерттеу. Балаларға бағдарланған этика пайдалы ма? Балалар және қоғам, 10, 106-116 б.б.

Харт, Р. (1997). Балалардың қатысуы: Жас азаматтарды қауымдастықтың дамуына және қоршаған ортаны қорғауға тарту теориясы және тәжірибесі. Нью-Йорк, ЮНИСЕФ/ Earthscan.

Харт, Р, Ридт, П. и Джусти, Д. (2011 г.) Балалардың өмір сүруі үшін қолайлы қалалар және қауымдастықтар: қауымдастықта өмір сүретін балаларға арналған жағдайларды бағалау үшін сауалнама құралдарының далалық сынақтары. «Innocenti» ЮНИСЕФ Зерттеу орталығы (ЮНИСЕФ БМҚ веб-сайтынан қарауға болады).

ЮНИСЕФ (1997 ж.), Балалардың құқықтары және өмір сүру ортасы: балалардың өмір сүруі үшін қолайлы қалалар жасауға ұмтылу, ЮНИСЕФ, Нью-Йорк.

ЮНИСЕФ (2004 ж.) Балалардың өмір сүруі үшін қолайлы қалалар жасау. Іс-қимылдар жоспары, Флоренция, «Innocenti» ЮНИСЕФ Зерттеу орталығы.

ЮНИСЕФ (2012 ж.) Балалардың әлемдегі орны 2012: балалар урбанизацияланған әлемде, Нью-Йорк, ЮНИСЕФ

1-қосымша: Балаға мейірімді Қазақстан қалаларының ұлттық индексі

Балаға мейірімді Қазақстан қалалар индексі – құрылымы мен мақсаттары

Балаға мейірімді қалалар индексі		МДМ *	ОМСЖ **	ҒБИ ***	ҚАЗ ****	Ұлттық нысаналы индикаторлар
Балалардың табысты өмір сүру бастамасы						
Салауатты бастама	<i>Әсер ету индикаторлары</i>					
	Нәрестелер өлімі	x		x		
	1000 тірі туылғандарға шаққанда 5 жасқа дейінгі балалар өлімі деңгейі	x				
	5 жасқа дейінгі балалар арасында өкпенің қабынуынан қайтыс болу		x			
	5 жасқа дейінгі балалар арасында диареядан қайтыс болу		x			
	5 жасқа дейінгі балалар арасында жарақаттардан және уланудан қайтыс болу				x	
	Анемиямен ауыратын жүкті әйелдердің пайызы		x		x	
	Ана өлімінің деңгейі	x				
	100 000 бала мен жасөспірімге шаққандағы 18 жасқа дейінгі балалар арасындағы өзін-өзі өлтіргендер саны				x	
	0-14 жастағы жарамды қыздар мен ұлдар және 10-19 жастағы қыздар мен бозбалалар арасында антиретровирустық терапиямен (АРТ) қамту пайызы		x			
	100000 балаға шаққандағы 18 жасқа дейінгі балалар арасында туберкулезге шалдығу			x		
	<i>Үдеріс индикаторлары</i>					
	10 000 балаға шаққандағы педиаторлар/ЖТД саны				x	

	10,000 адамға шаққандағы акушерлер мен балалар медбикелер саны				x	
	Иммундаудан өткен 12 айға дейінгі жастағы балалар пайызы		x			
	Позитивті жүкті әйелдерді АИТВ тритерапиясымен қамту пайызы		x			
	БШАЫЖ (балалық шақтағы ауруларды ықпалдастырып жүргізу) енгізген және даму мақсатында күтім жасайтын БСМК мекемелерінің пайызы				x	
Сумен жабдықтау және санитария	Әсер ету индикаторлары					
	Орталық сумен жабдықтауға қолжетімділігі қамтамасыз етілген қала/аудан халқының пайызы				x	
	Қала/аудан тұрғын үй қорын абаттандыру деңгейі, пайызбен: су құбырымен, орталық ыстық сумен жабдықтау, кәрізбен, газбен, (орталық жылумен, жуыну бөлмесімен)				x	
Балаларды зиянды факторлардан қорғау						
Қорғау	Әсер ету индикаторлары					
	100 000 балаға шаққандағы ЖКО нәтижесіндегі балалар өлімі				x	
	100 000 балаға шаққандағы балаларға қатысты жасалған қылмыстар саны				x	
	100 000 балаға шаққандағы табиғи зілзалалар (өрт, су тасқыны, сел ағу, аса жоғары температура және т.б.) нәтижесінде балалар өлімі				x	
	100 000 балаға шаққандағы ішкі істер органдарында есепте тұрған балалар саны				x	
	100 000 балаға шаққандағы сотқа дейінгі және соттан кейінгі қамауда отырған балалар саны				x	
	Кәмелетке толмағандарға қатысты жалпы шығарылған сот шешімдерінен кәмелетке толмаған баланы бас бостандығынан айырумен байланысты сот үкімдерінің пайызы				x	
	Қайта ықпалдасу қызметін алып жатқан қамауда отырған (сотқа дейінгі немесе соттан кейінгі) кәмелетке толмағандар пайызы				x	
	Мінез-құлқы ауытқымалы балаларға арналған арнайы мектепте тұрып жатқан қала/аудан балаларының саны				x	

	Үдеріс индикаторлары					
	Табиғи зілзалаға дайындалу және балаларды қамтитын қоршаған ортаны жақсарту қалалық іс-қимылдар жоспарының болуы				x	
	Зорлық-зомбылық немесе қорлаушылық құрбандарына қолдау көрсететін қосалқы қызметтердің болуы				x	
	Қалаларда жұмыс істейтін отбасына қолдау көрсету орталықтарының саны		x		x	
	1000 балаға шаққандағы жасөспірімдер мен жас адамдардың жастар денсаулық орталықтарына бару саны				x	
Балалардың білім алуы және хабардарлығы						
	Әсер ету индикаторлары					
Білім беру	Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту				x	
	Күндізгі инклюзивті балабақшаларда оқып жатқан мүгедектігі бар балалар пайызы				x	
	Күндізгі инклюзивті жалпы білім беретін мектептерде оқып жатқан мүгедектігі бар балалар пайызы				x	
	Үйде білім алатын белгіленген мүгедектігі бар балалар саны. Олардың жалпы мүгедектігі бар балалар құрылымындағы үлесі					
	Дәлелді себепсіз 10 күннен астам уақыт мектепке бармаған балалар саны				x	
	Үдеріс индикаторлары					
	Жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдер мен оқушылардың арасалмағы				x	
	Мектепке қабылданған мектеп				x	
	Мектепке қабылданған мектеп жасындағы қыздар пайызы				x	
	Инклюзивті білім алу үшін жағдай жасауған мектептердің олардың жалпы санындағы үлесі				x	
	100 000 балаға шаққандағы мінез-құлқы ауытқыма балалар саны				x	

Ақпаратқа қолжетімділік	Үдеріс индикаторлары					
	100 000 адамға шаққанда интернет желісін пайдаланушылар саны			x	x	
	Табиғи зілзалаға дайындық бағдарламасын және тұрақты симуляциялық жаттығуларды пайдаланатын барлық мектептер пайызы				x	
	1000 адамға шаққандағы аула клубтарының саны				x	
	Қалада/ауданда балалар мен жастар БАҚ саны				x	
Балалардың лайықты өмір сүру деңгейі						
Әлеуметтік теңдік	Әсер ету индикаторлары					
	Ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұтынуға табыс деңгейі бар үй шаруашылықтарында тұратын балалар үлесі				x	
	Ата-ана қамқорлығынан айрылған қала балаларының пайызы				x	
	100 000 балаға шаққандағы 12 ай ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қамқорына келіп түскен балалар саны				x	
	Мемлекеттік қорғаншылықтағы, интернаттық мекемелердегі балалар үлесі		x			
	Мемлекеттік қорғаншылықта, патронаттық тәрбиеде, қорғаншылық пен қамқорлықтағы (жеке-жеке) балалар үлесі		x			
	100 000 балаға шаққандағы асырап алынған ұлдар/қыздар саны				x	
	Үдеріс индикаторлары					
	Атаулы әлеуметтік көмек алатын жалпы балалар пайызы				x	
	0-18 жас аралығындағы мүгедектігі бар балалар пайызы				x	
	0-18 жас аралығындағы белгіленген мүгедектігі бар балалар пайызы				x	
	Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдар үшін мемлекеттік жәрдемақы алатын белгіленген мүгедектігі бар балалары бар отбасылар пайызы				x	

	Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік қызметкерлер саны				x	
	Білім берудегі әлеуметтік қызметкерлер саны				x	
	Балаларға үйде қызмет көрсететін әлеуметтік қорғау жүйесіндегі әлеуметтік қызметкерлер саны				x	
	Балдалардың мемлекеттік қорғаншылыққа түсуінің алдын алу үшін құрылған ықпалдастырылған жүйе арқылы өткен жағдайлар пайызы				x	
	Мигрант балалар пайызы				x	
	Тұрмысы нашар отбасыларындағы балалар үлесі				x	
Қоршаған орта	Әсер ету индикаторлары					
	Ауаның ластану индексі				x	
	Жан басына шаққандағы стационарлық ластану көздерінен атмосфераға зиянды заттардың шығарылуы, мын тонна				x	
	Тамақ дайындау үшін отын ретінде ағашты, тас көмірді немесе қосалқы ауылшаруашылығы өнімдерінің қалдықтарын қолданатын үй шаруашылықтарының үлесі				x	
Балалардың мәдени-демалыс қызметі						
Демалыс және ойын-сауық	Үдеріс индикаторлары					
	1000 балаға шаққандағы парктер/ойын алаңқайларының саны				x	
	Ашық жерде орналасқан демалыс аймағының алаңы, га.				x	
	Жабық үй-жайда орналасқан демалыс аймағының алаңы, ш. м.				x	
Мәдени өмірге араласу	Үдеріс индикаторлары					
	1000 балаға шаққандағы балалар мен жасөспірімдер клубтарының (оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға және басқа да оқшауланған топтарға арналған) саны				x	

Балалардың қоғамдастыққа қатысуы						
Қатысу	Әсер ету индикаторлары					
	Жалпы қалалық шешімдер қабылдауға, оның ішінде форумдардың жұмысына және сауалнамаларға қатысатын балалар пайызы				x	
	1000 балаға шаққандағы, әлсіз топтардан шыққан балаларды қоса алғанда, БМҚ бойынша жобаларға немесе іс-шараларға қатысатын балалар саны				x	
	1000 балаға шаққандағы, әлсіз топтардан шыққан балаларды қоса алғанда, ақпарат жинауға қатысатын балалар саны				x	
	Әлсіз топтардан шыққан балаларды қоса алғанда, балалардың пікірлерін жинауға арналған нысаналы бағдарламалары немесе іс-шаралары бар мектептер пайызы				x	
	Әлсіз топтардан шыққан балалар мен жасөспірімдерді жалпы қалалық шешім қабылдауға қатыстырудың қолданыстағы механизмдері				x	
Құқық	Әсер ету индикаторлары					
	Балалар құқығы бойынша оқу бағдарламасы бар мектептер пайызы				x	
	Балалар мен олардың отбасыларына бөлінген қалалық бюджет үлесі		x			
	Балаларға ҮЕҰ ұсынатын қызметтер пайызы (мемлекеттік тапсырыстар, елеуметтік келісімшарттар және т.б.)				x	

* МДМ индикаторлары

** Орташа мерзімді стратегиялық жоспар индикаторлары (ЮНИСЕФ)

*** Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторлары (ДЭФ)

**** Қазақстанға қатысты индикаторлар

Негізгі көрсеткіштер

Тұрғын халық	
Қала халқының жалпы саны	
Халықтың тығыз орналасуы (1 км ² -ге)	
Елдегі халық санының пайыздық арасалмағы	
0-18 жастағы (0-1, 2-14, 15-15) балалардың жалпы саны	
19-29 жастағы (19-24, 25-29) жастардың жалпы саны	
Ересек адамдар (30-64) саны	
Егде адамдар (65+) саны	
Ерлер санының әйелдер санына арасалмағы (100 әйелге шаққандағы ерлер саны)	
Халық санының жыл сайын өзгеруі	
Экономика	
Жан басына шаққандағы қаладағы азық-түлік (АҚШ долл.)	
Елдегі ЖІӨ-ге қаладағы азық-түліктің пайыздық арасалмағы	
1000 адамға шаққандағы кәсіпорындар саны	
Жалпы жұмыспен қамту деңгейі	
Жұмыссыздықтың жылдық орташа деңгейі	
Халықтың жұмыс істемейтін санатының пайызы	
Денсаулық сақтау	
АИТБ жұқтырған ер балалар мен қыздар саны (10-14, 15-19)	
Антиретровирустық терапия талаптарына сәйкес келетін ер балалар мен қыздар саны (10-19)	
18 жасқа дейінгі балалар арасында туберкулезге шалдығу жағдайлары	
Екпе жүргізілген 12 айға дейінгі балалар саны	
АИТБ оң нәтижелі жүкті әйелдер саны	
Қаладағы бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) саны	
Салмағы жетпейтін 5 жасқа дейінгі балалар саны	
Сумен жабдықтау және санитария	
Адамдар тұрып жатқан (меншікті және жалға алынған) баспананың жалпы саны	
Бір баспанадағы тұрғындар саны	
Құрылыс салу тығыздығы (1 км ² -ге)	
Балаларды зиянды факторлардан қорғау	
12 ай ішінде соттан өткен көмелетке толмаған балалар саны	
12 ай ішінде бас бостандығынан айыру жазасына кесілген көмелетке толмаған балалар саны	
12 ай ішінде қамауда болған (сотқа дейін және соттан кейін) көмелетке толмаған балалар саны	
Қаладағы жастар денсаулық орталықтарының саны	
Балалардың білім алуы және хабардарлығы	
Мүгедектігі бар балалар (0-18, қыздар/ер балалар) саны	
Мүгедектігі анықталған балалар (0-18, қыздар/ер балалар) саны	
Үйде білім алатын, мүгедектігі анықталған балалар саны	
Мүгедек балалары бар отбасылар саны	
Жалпы білім беретін мектептердің жалпы саны	
Мамандандырылған мектептердің жалпы саны (мектеп типі бойынша дезагрегация)	
Балалардың лайықты өмір сүру деңгейі	
Үй шаруашылықтарының жалпы саны	
Балалары бар үй шаруашылықтарының жалпы саны	
Табыс деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарындағы балалардың жалпы саны	
Атаулы әлеуметтік көмек алатын балалары бар отбасылар саны	
Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларындағы балалар саны	
Басқа елдерден көшіп келушілер саны, олардың жалпы халық арасындағы пайыздық үлесі	
Елдің басқа өңірлерінен көшіп келгендер саны, олардың жалпы халық арасындағы пайыздық үлесі	
Көшіп келген балалар саны	
Тұрмысы төмен отбасыларындағы балалар саны	
Балалардың қоғамға араласуы	
Балалар мен олардың отбасылары үшін бөлінген жалпы бюджет (теңгемен/АҚШ долларымен)	
Балалар мәселесімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың саны	

2-қосымша: ЮНИСЕФ басқаруды бағалау құралы

Балаға мейірімді қалалар үшін басқаруды бағалау құралының тексеру тізімі

Өзіндік бағалау және диалог құруға арналған құрал

КІРІСПЕ

Бұл құрал қаланы балаға аса мейірімді ету мақсатында жағдайды зерттеуге тырысатын кез келген жергілікті өзін-өзі басқару органы үшін үлгі қызметін атқарады. Құрал БҰҰ Баланың құқықтары туралы Конвенция (БҚК) және оны жергілікті және ұлттық деңгейлерде іске асыру үшін алынған міндеттемелер, сондай-ақ «балаға мейірімді қалалар үшін іс-қимылдардың шекті негізі»⁸ құжаты негізінде әзірленген және осы жұмыста жергілікті билік органдарына көмек көрсетуге бағытталған. Құрал деректер жинау, балалар мен ата-аналардың пікірлері мен көзқарастарын тыңдау, саясатты, стратегиялар мен жоспарларды, қоғамдастықтармен жұмыстарды жетілдіру, қызметкерлерді оқыту және азаматтық қоғамның хабардарлығын арттыру арқылы жергілікті билік органдарына балалардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Мақсаты балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті процедуралар мен құрылымдар айналасында ойлануға және пікірталастар жүргізуге қозғау салуда болып отыр. Бұл әмбебап үлгі, ал контекстуалды шарттары мен өлшемдері күллі әлем бойынша өзгермелі болғандықтан, оны нақты муниципальды және өңірлік параметрлерге аса лайықты тәсілдің көмегімен пайдалану ұсынылады. Оны пайдалану нұсқалары: а) Балаға мейірімді қаланың жұмысын нығайту үшін ведомствоаралық комитет құруды жөн деп санайтын Әкімдіктер үшін ол барлық тиісті муниципальды органдардың атынан өкілдік ететін лауазымдық тұлғалардың арасында ұжымдық талқылау жүргізу үшін фасилитатор нұсқаулығы ретінде қолданылуы мүмкін, б) Егер ведомствоаралық семинар өткізу мүмкін болмаса, ол тиісті органдарға ресми форматта сұхбат жүргізу үшін нұсқаулық ретінде қолданылуы мүмкін, в) Балаға мейірімді қалалар үшін бағалау құралына(дарына) теңбе-тең бағалау құралына ие Әкімдіктер үшін, бұл құрал мазмұнын салыстыру және толықтыру үшін тексеру тізімі ретінде қолданылуы мүмкін.

Осы құрал бала құқықтарының сақталуына кепілдік беру үшін муниципальды биліктер қарастыруы тиіс бірқатар элементтерден тұратындығын атап өткен жөн. Назар қызметтің қолжетімділігіне⁹ емес, бала құқықтарының бұзылуының алдын алу немесе оған әрекет қолдану құрылымдары мен үдерістеріне аударылуы тиіс. ЖБО құралдың барлық бағыттары бойынша оң нәтижелер алатындығын күтпейді. Керісінше, аталған құрал балаға мейірімді муниципалитет құру жолындағы мүдделі адамдар үшін нұсқаулық болуы тиіс.

⁸ www.childfriendlycities.org

⁹ Ресми шенеуніктер және қауымдарға қызметтер көрсетушілер, сондай-ақ балалар мен олардың қамқоршылары толтыруы тиіс басқа құралдар жиыны (Қоғамдастықтардың бағалау құралдары www.unicef.kz жарияланған)

Осы құжатта қолданылатын «балалардың перспективалары» деген сөз тіркесі балалардың барлық жастағы топтарына – туғаннан кәмелетке жеткенге дейінгі кезеңге қатысты қолданылатындығын ескеруді сұраймыз. Көптеген жағдайда, 7 жасқа дейінгі ең кішкентай балалардың перспективаларын оның ата-аналары қамтамасыз етуі мүмкін деп болжамданады.

а) Ведомствоаралық топты талқылауға арналған құралды пайдалану:

Үдеріс ведомствоаралық бағалауды қамтамасыз ететіндей және баламен байланысты мәселелерге ведомствоаралық көзқарас танытатындай ұйымдастырылған. Осы себеппен, құрал мемлекеттік ұйымдардың кең ауқымының атынан өкілдік ететін адамдар тобымен бірлесіп толтыру ұсынылады. Егер мұндай топ қазіргі таңда болмаса, оны, кем дегенде осы бағалауды аяқтау үшін қалыптастыру қажет, негізінде, бұл топтың құрамы, бала мәселелерімен байланысты өз міндеттеріне қарай, агенттік өкілдерімен шектелмеуі тиіс. Топ агенттіктердің, оның ішінде су және санитария, көлік және тұрғын үй жөніндегі агенттіктердің толық ауқымының атынан өкілдік ете алатын тұлғаларды қамтуы тиіс. Ол сондай-ақ қандай да бір муниципалитетте балалар мәселелері бойынша жұмыс істейтін маңызды ҮЕҰ қамтуы тиіс.

Жергілікті жерлерде өкілдері жоқ бейінді министрліктердің өкілдерін фасилитаторға қосуды қамтамасыз ету үшін тиісті секторлардың өкілдеріне жеке өтініш білдіру қажет болады. Тікелей байланыс орнатқан соң, үйлестіру жиналысы ұйымдастырылуы мүмкін, себебі нақты жауаптар беру үшін әртүрлі агенттіктердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды. Жекелеген агенттіктердің өкілдері оларда дайындалу, мұрағаттардан тиісті ақпарат табу және әріптестерімен пікірталастарға қатысу мүмкіндігі болуы үшін құралды дер кезінде алуы тиіс. Егер қандай да бір агенттіктің өкілі жиналысқа қатысуға мүмкіндігі болмаса, фасилитатор нұсқаулықты ведомствоаралық жиналыс басталғанға дейін олардан сұхбат алу және нақты ақпарат алу үшін қолдануы мүмкін.

Құралды пайдалануға сілтеме:

- Бұл қызметтің бірлескен сипатына байланысты, ол құралды пайдалану және талқылау үдерісін жеңілдетуі үшін муниципалитеттерді басқаруда қомақты білімі бар фасилитатордың болуы ұсынылады. Дегенмен, құралмен жұмысты аяқтау үшін бір дискуссиядан артық қажет болуы мүмкін.
- Құрал екі бөліктен тұрады:

а) Қорытынды кесте, онда фасилитатор немесе баяндамашы дискуссияны қорытындылап, оның нәтижелерін жазып қояды. Бұл кесте басты мәселелерді, тармақтарды және "иә" немесе "жоқ" деген жауап нұсқалары бар сұрақтар тізімін қамтиды. Түсініктемелер мен болашақ жоспарлар үшін орын бөлінген. Егер "иә" немесе "жоқ" деген жауап нұсқалары лайықсыз деп саналса, тек түсініктемелер жалғыз тіркелетін ақпарат болуы мүмкін. Сол жақтағы баған әрбір тармақ бойынша жауапты агенттікті белгілейді. Сұрақтар муниципалитет (муниципальды орган немесе жергілікті билік органы) аталған нақты іс-шараға жауапты болатындай етіп қойылады. Осы бағанда тіпті муниципальды деңгейде аталған нақты сұраққа жауап беретін басқа мемлекеттік деңгейдің немесе нақты мекеменің болуын көрсету мүмкіндігі қарастырылған.

б) Басты сұрақтарды толық тармақтарға бөліп қарастыратын талқылаулар жөніндегі нұсқаулық. Бұл тармақтар фасилитаторларға (немесе, егер ол құралды өзін-өзі бағалау үшін қолданса, мүдделі тарапқа) талқылау кезінде мәселелерді қараудың әртүрлі нұсқаларын ұсынады.

- **Құжаттау және есептілік:** Осы құжаттың басты мақсаты муниципалитеттерге балалардың мүддесі үшін басқаруды қалай жақсартуға жәрдемдесу болып табылатындықтан, кестені толтыру үдерісінде өтетін талқылауды құжаттаған пайдалы болар еді. Осы талқылаулардың кейбірі кестеде белгіленген сұрақтар шеңберінен шығады. Бағалау аяқталғанда, топқа балалар құқықтарымен істің мән-жайына сындарлы шолу жасау үшін нәтижелерге толық көз жүгіртіп шығу қажет. Негізінде, деректер мен талқылаулар аталған құралды пайдалануды қалыптастырады, бұл екі компоненттен тұратын есеп құрастыруға мүмкіндік береді: а) тиісті өкілдер тобымен келісілген кешенді бағалау; және б) осы құралды пайдалану кезінде ынталандырылған талқылаулар негізінде муниципалитеттегі баланың құқықтары бойынша жағдай түйіндемесі. Бұл есеп кейіннен әрбір адам осы ЖБО баланың құқықтары бойынша жағдай туралы білуі үшін таратылуы мүмкін.

б) Құралды мемлекеттік шенеуніктерден сұхбат алу үшін пайдалану

Бұл құрал дәл осылайша сұхбат алушы қоятын сұрақтарға және жауаптарды белгілеу үшін қорытынды кестеге түсінік беретін талқылаулар жөніндегі нұсқаулықпен бірге сұхбат жүргізу үшін қолданылуы мүмкін. Әртүрлі секторларды біріктіру үдерісі басқару құрылымдары мен үдерістерін жете бағалауға жәрдемдесу үшін және сонымен бірге үйлестіруді күшейту үшін зор маңызға ие екендігін тағы да атап өткен жөн. Сондықтан, жеке сұхбат алу кезінде де қорытынды нәтижелерді хабарлау және талқылау үшін ведомствоаралық жиналыс құру ұсынылады.

в) Құралды тиісті бағалау құралдарымен бірге пайдалану

Мұндай құралға(-дарға) ұқсас балаға мейірімді қаланы бағалау құралы бар муниципалитеттер үшін осы құрал бұл құралдың(-дардың) мазмұнын салыстыру және толықтыру үшін жай ғана қолданылуы мүмкін. Мәселен, егер елде балаға мейірімді қалаларды бағалау және тану жүйесі болса, бірқатар мәселелер басқару мәселелері бойынша қолданыстағы сұрақ парақтарына және муниципалитет «балаға мейірімді» мәртебесін бағалау және алу үшін қолданатын баллдық кестелерге енгізілуі тиіс қандай да бір элементтердің болмауын қарама-қарсы тексеру үшін қолданылуы мүмкін.

Ведомствоаралық топқа қатысушылардың бейіні

Аты-жөні	Агенттік немесе ҮЕҰ	Лауазымы және рөлі

Өкілеттіктер?		Иә ✓	Жоспарланған немесе үдерісте (Сипаттаңыз)	Жоқ ✓	Болашақта жасалуы мүмкін іс-қимыл
	I. Балалар алдындағы жалпыүкіметтік міндеттемелер				
	Балалар мүдделерін көздейтін қала саясатын әзірлеу				
	Қала деңгейінде балалардың құқықтарын сақтау бойынша стратегия бар ма?				
	Әкімдік саясатты әзірлеу үдерісіне балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін енгізді ме?				
	Баланың мүдделерін қозғайтын саясат мәселелері бойынша әзірлемелермен айналысатын немесе консультациялық көмек көрсететін, оны көпшіліктің талқылауына шығаратын кеңес немесе орган бар ма?				
	Қалалық кеңестің шешім қабылдауы барысында балалардың көзқарастары есепке алына ма?				
	Барлық саяси қайраткерлер мен лауазымдарға сайланған адамдар Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау аясында қабылданған ұлттық міндеттемелер туралы жақсы хабардар ма?				
	Үкіметтік ведомстволар арасындағы балалар құқықтары мәселелері бойынша іс-қимылды үйлестіру				
	Тиісті ведомстволар арасында балалар құқықтары мәселелері бойынша іс-қимылды үйлестіру жұмыстары жүргізіле ме?				
	Балалар мүдделерін көздейтін бюджеттеу				
	Балаларға бөлінетін қаражат үлесін анықтау үшін жалпы қала бюджеті мен оның элементтеріне талдау жасалды ма?				
	Балалар туралы деректер				
	Әкімдіктің орталық деректер базасында (мұрағатта) отбасылар мен балаларға қатысты барлық деректерге қол жеткізуге бола ма?				

	Әкімдік балалар мен жастарға қатысты өз деректерін жинай ма (мысалы, мектеп жазбалары бойынша)?				
	Қолдағы бар деректер аудан/орам деңгейінде балалардың өмір сүру жағдайлары туралы салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік бере ме?				
	Үй шаруашылықтары деңгейінде деректер бар ма?				
	Деректерге заңсыз мигранттар отбасыларында тұратын балалар кіргізілген бе?				
	Азаматтық қоғам/қалық көпшілік үшін қолжетімді балалар бойынша қалалық деректер есебі бар ма?				
	Бала мәселелері бойынша іс-қимыл жоспарлары				
	Әкімдіктің жалпы іс-қимыл жоспарына бала мәселелерінің жекелеген бөлімдері кіре ме?				
	Әкімдіктің бала мәселелері бойынша жеке іс-қимыл жоспары бар ма?				
	Жергілікті іс-қимыл жоспарына балаларға әсер етуді бағалау енгізілген бе?				
	Балалар мәселелері мен балалар құқықтары туралы қоғамдық және кәсіби хабардарлық				
	Балалар құқықтары туралы қоғамның хабардарлығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізіле ме?				
	Балалармен жұмыс істейтін адамдарға (оның ішінде мұғалімдерге, дәрігерлерге, мейірбикелерге, заңгерлерге, соттарға, полиция қызметкерлеріне, психологтарға, әлеуметтік қызметкерлерге, түрме қызметкерлеріне, интернат типті мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлерге) арналған оқу бағдарламалары бар ма ?				
	Балалардың құқықтарын ілгері жылжыту				
	Балалардың құқықтарын қорғау бойынша жеке уәкілетті немесе омбудсмен бар ма?				
	Қоғамдастықтар деңгейінде басқару				
	Әкімдік жергілікті қоғамдастықтар деңгейінде жұмыс істейтін ұйымдар мен жергілікті қоғамдастықтар деңгейіндегі басқару құрылымдарымен жұмыс істей ме?				

Өкілеттіктер?		Иә	Жоспарланған немесе үдерісте (Сипаттаңыз)	Жоқ	Болашақта жасалуы мүмкін іс- қимыл
	II. СЕКТОРЛАР БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ТАҢУ				
	Әлеуметтік қызмет және қорғау				
	Әкімдікте барлық балалар үшін тууды тегін тіркеуге кепілдік беретін жүйе бар ма?				
	Отбасылар дағдарыс кезінде тірі қалу мақсатында қаржылай немесе басқа негізгі көмек сұрай алатын орындар бар ма?				
	18 жасқа дейінгі жастарды еңбекке орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламалар бар ма?				
	Балаларды ұрып-соғудан, зорлық-зомбылықтан және немқұрайлы қарым-қатынастан қорғауды құпия қамтамасыз ету тетіктері енгізілген бе?				
	Әкімдіктің балаларды адам саудасы мен зорлық-зомбылықтан қорғау стратегиясы бар ма?				
	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған институционалдандыруды болдырмайтын және оны болдырмауға көмектесетін мамандандырылған қызметтер бар ма?				
	Балалардың әлеуметтік оқшаулануы, оларды кемсіту және қорлау (баланы қатарластарының, жоғары сынып оқушыларының қорқытуы) мәселелерін шешуге арналған стратегия бар ма?				
	Әлеуметтік қызметтерге ерекше мұқтаждықтары бар балалар үшін қолжетімді ме?				

	Ювеналды әділет				
	Қала деңгейінде заңға тартылған ересектерге арналған жүйеден бөлек заңмен қайшылықтағы балаларға арналған әділ сот жүйесі бар ма?				
	Білім беру				
	Әкімдік балалардың барлық топтарының біліммен қамтылу және мектепке бару деңгейін бақылап отыра ма және оларды шығарып тастау сипатын анықтай ма?				
	Әкімдік мектептердегі балалардың біліміне бақылау жүргізе ме?				
	Әкімдік оқу орындарындағы білім сапасына бақылау жүргізе ме?				
	Мектептерде балалардың пікірлерін білдруге және оларды тыңдауға арналған демократиялық құрылымдар жұмыс істей ме?				
	Мектепте бала құпия көмек сұрап жүгіне алатын тәуелсіз кеңесші бар ма?				
	Мектептерде бала денсаулық және санитария туралы сабақ ала алады ма?				
	Әкімдік отбасылар үшін балабақшалардың жетіспеуін және олардың болуын бағалай ма?				
Өкілеттіктер?		Иә ✓	Жоспарланған немесе үдерісте (Сипаттаңыз)	Жоқ ✓	Болашақта жасалуы мүмкін іс-қимыл
	Ойындар, сауық және спорт				
	Балалар үшін спортпен айналысуға және ойындар ұйымдастыруға арналған арнайы бөлінген орындар бар ма?				
	Ересек балалардың ойын-сауық өткізуіне арнайы бөлінген орындар бар ма?				

	Сәби жастағы балаларға спонтанды (жоспарланбаған) түрде ойын ұйымдастыруға арналған арнайы бөлінген орындар бар ма?				
	Ұйымдасқан ойындар мен спортты қадағалайтын үкіметтік ведомстволардың балалардың мұқтаждықтарын бағалау негізінде іс-қимылдарды жоспарлау тәжірибесі бар ма?				
	Балаларға арналған спонтанды ойындарды қадағалайтын белгілі бір ведомстволық ұйым бар ма?				
	Жауапты ведомство спорт/ойын объектілері мен ғимараттарының, демалыс және ойын-сауық орындарының, ойын алаңдарының сапасы мен қауіпсіздігіне бақылау жүргізе ме?				
	Балалар мен жастарға арналған мектептен тыс әлеуметтік бағдарламалар бар ма?				
Өкілеттіктер?		Иә ✓	Жоспарланған немесе үдерісте (Сипаттаңыз)	Жоқ ✓	Болашақта жасалуы мүмкін іс-қимыл
	Көлік және тасымал				
	Қалалық әкімшілік балалардың қоғамдық көлікті пайдалануымен байланысты мәселелерге талдау жасады ма және алынған нәтижелер негізінде шаралар қабылданды ма?				
	Қалалық әкімшілік жол қозғалысына қатысты балалар қауіпсіздігі мәселелеріне талдау жасады ма?				
	Қалалық әкімшілік мүгедек балалардың арнайы көлік мұқтаждықтарына қолдау көрсете ме?				

	Қоршаған орта және денсаулық				
	Қалалық әкімшілік балалары бар отбасылардың суға қол жетімділігіне, судың сапасына бақылау жүргізе ме, соның негізінде қандай да бір шаралар қолдана ма?				
	Қалалық әкімшілік отбасылар мен балалардың санитарлық жағдайларына бақылау жүргізе ме және соның негізінде қандай да бір шаралар қолдана ма?				
	Қалалық әкімшілік балаларға тиетін экологиялық әсерге бақылау жасай ма және соның негізінде қандай да бір шаралар қолдана ма?				
	Қоғамдық денсаулық сақтау				
	Қалалық әкімшілік жергілікті халық үшін емханалар мен денсаулық сақтау орталықтарына қолжетімділік пен оның сапасына бақылау жасай ма?				
	Барлық жас аналарға нәрестенің денсаулығын қорғау мен оның дамуы бойынша көмек қызметі беріле ме?				
	Жергілікті денсаулық сақтау органдары әрбір баланың физикалық жағдайына жүйелі түрде бағалап отыра ма?				
	Жергілікті денсаулық сақтау органдары әрбір баланың тағам мәртебесін жүйелі түрде бағалап отыра ма?				
	Жергілікті денсаулық сақтау органдары әрбір баланың психикалық денсаулығын жүйелі түрде бағалап отыра ма?				
	Жергілікті денсаулық сақтау органдары денсаулық сақтау қызметін алу үшін балаларды тіркеуге кепілдік бере ме?				

	Жергілікті денсаулық сақтау органдары қоршаған ортаға басқыншылық жасаудың негізі ретінде балалардың денсаулығына жағымсыз әсер ететін аурулар мен аурушаңдықты және денсаулық сақтау қызметтерін картаға түсіре ме?				
	Қалалық жоспарлау және қоғамдық жұмыстар				
	Баланың тұратын жеріндегі физикалық жағдайларды бағалау және оған мониторинг жүргізудің жүйелі үдерісі бар ма?				
	Жергілікті басқару органдары қоғамдық пайдалану орындарын жоспарлауға, жобалауға және жақсартуға балалардың мүдделерін жүйелі негізде қосып отыра ма?				
	Қоғамдық пайдалану орындарын жоспарлау, жобалау және жақсарту барысында мүгедек балалардың мұқтаждықтары назарға алына ма?				
	Зілзалаларға дайындық және жауап қайтару				
	Өкімдіктің балалар жағдайы ескерілген зілзалаларға дайындық және оған жауап қайтару жоспары бар ма?				
	Балалардың өздерінің қалаларында болуы мүмкін зілзалаларға жеткілікті деңгейде дайындығы бар ма?				
	Қосымша сұрақтар				

3-қосымша: Қаланың мүдделілігін білдіруді растайтын өтінім моделі

Қазақстан үшін балаларға мейірімді қала ретінде бағалауға және тануға өтінім

«Тұрмысы нашар отбасынан шыққан әрбір бала моральдық құқық бұзушылықтың: оның өмір сүру, өркендеуі мен қоғам өміріне араласу құқықтарының сақтамауының дәлелі болып табылады. Және кез келген әлеуметтік оқшауланған бала жіберіп алған мүмкіндіктің мысалы болып табылады, себебі қоғам қала балаларын олардың нәтижелі шығармашылық тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беретін қызметтер мен қорғаумен қамтамасыз етпегендіктен, олар әлеуметтік, мәдени және экономикалық үлес қосу мүмкіндігінен айрылады»

Энтони Лэйк
Атқарушы директор, ЮНИСЕФ
Балалардың әлемдегі орны, 2012: Қала жағдайындағы балалар

Қазақстан үшін балаға мейірімді қала рейтингінде бағалау және тануға өтінім беру үдерісі

1. Балаға мейірімді қалаларды бағалау және танудың қазақстандық ұлттық бағдарламасына қатысуға жазылу;
2. Балаға мейірімді қалалардың қазақстандық ұлттық индексі индикаторларына сәйкес қалалық деректер жинау бойынша міндеттеме қабылдау;
3. Жалпы қалалық бағалау негізінде жетілдіруді қажет ететін облыстарды анықтау бойынша міндеттеме қабылдау;
4. Азаматтық қоғамды жұмылдыру және балалар қатысатын жобалар және оларға қол жеткізу мониторингі бойынша міндеттеме қабылдау;
5. Қалада аса әлсіз балаларды анықтау және осы нақты топтар туралы аудан деңгейінде бытыраңқы деректерді жинау тәсілдерін жоспарлау бойынша міндеттеме қабылдау;
6. Қалалардың көрсеткіштерін жақсарту бойынша қолданыстағы саясат пен тәжірибені жетілдіру тәсілдерін табу және әрбір 2-ші цикл ішінде индикаторлар бойынша мақсаттарға қол жеткізу бойынша міндеттеме қабылдау;
7. Әрбір екі жыл сайын одан әрі Бағалау және тану жүргізу үшін, Балаға мейірімді қалалар индексіне сәйкес қалалық деректер негізінде әлеуметтік жәрдемдесуді, жетілдіруді және үдерісті тұрақты бағалау бойынша міндеттеме қабылдау.

Қолы

Күні.....

